



**ТҮРҒЫНДАР
КҮТКЕН НӘТИЖЕ**

5

#КүшімізБірлікте



**ҚАУІП
СЕЙІЛМЕЙ ТҮР...**

жұмыла көтерген
жүк жеңіл

6

МӘСЕЛЕ



**МӘДЕНИЕТТІЛІК
ӘДЕБІ**

7

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №33 (6484) 19 сәуір, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

САРАПТАМА


СУ ТАСҚЫНЫМЕН КҮРЕС

Қазақстан өзге елдерден неге көмек сұрамады?

- Мемлекет басшысы Ресей Президентімен не жөнінде сөйлесті?
- Э.Рахмонның көмегін қабыл алмаудың астарында не бар?

Еліміз топан сумен алысып жатқанына бір айдай уақыт өтті. Президент араласқаннан кейін ғана үкімет пен әкімдердің жұмысында жүйелілік байқалды. Естеріңізде болса, Мемлекет басшысы 30 наурызда шұғыл жиын өткізген. Сонымен қатар, 4 сәуірде БҚО, 16 сәуірде СҚО және Қостанай облыстарына жұмыс сапарымен барып келді. Мұның бәрі қабылданып жатқан шешімдердің бірсыпырасы ғана. Біз көріп, оқып жүргеніміз бар, білмегеніміз қаншама. Көрсек те, ол шешімдердің не үшін қабылданып жатқанына мән бермейміз. Ендеше, осы жайлы сөз өрбітсек.

3



8-9

МӘЖІЛІС

АЙЫППҰЛ САЛЫНБАЙДЫ

Жол жүрісі туралы құжатқа өзгеріс енгізілмек

Енді күндіз көліктің жарығын жақпаған жүргізушілерге айыппұл салынбайды. Бұл талапты сақтау – міндетті емес. Дыбыс сигналын пайдалану қағидаларын бұзғандар да жауапқа тартылмайды. Тек ескертумен шектеледі. Бұл туралы 31 арнаның «Информбюро» ақпараттық бағдарламасында айтылды.

Қазір Мәжіліс депутаттары «Жол жүрісі туралы» заңды қарап жатыр. Соның аясында құжатқа бір-қатар өзгерістер енгізілмек. Мәселен, соның бірі осы қала аумағында көліктің жарық шамдарын жағып жүруге қатысты болып отыр. Бұрын бұл ережені сақтамағандар 3 айлық есептік көрсеткіш, яғни 11 076 теңге көлемінде айыппұл арқалайтын. Бұдан былай тек ескерту беріледі. Ал трассаға қатысты бұрынғы талаптар өз күшінде қалады.

Алматылық депутат Сергей Пономарев әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің жаңа редакциясында денсаулыққа зиян келмеген жол көлік оқиғасы үшін жүргізуші куәлігінен айырылмайтынын айтты. Айтуынша, автотұрақ ақысын төлемегендер де жауапкершіліктен босатылады.

Сондай-ақ, заңға сәйкес, рұқсат

етілген жылдамдықты 60 шақырымнан асырған көлік жүргізушілеріне жаза қатандатылғалы отыр. Оларға 40 айлық есептік көрсеткіш, демек 147 680 теңге мөлшерінде айыппұл салу көзделген.

«Бұл норманың заң талаптарын сақтайтын азаматтарға қатысы жоқ. Яғни жылдамдықты 10, 20, 30, 40 шақырымға асыру туралы ереже сол күйінде қалады. Тым қатты асырғандар үшін тәртіп қатандайды. Мәселен, қаладағы шектеу сағатына 60 шақырым болса, кейбір жүргізушілер 120-ға дейін жылдамдықты арттырады. Міне, заң осыларға қатысты. Талқыланып жатқандықтан, нақты қандай айыппұл салынарын айта алмаймыз. Ол өзгеруі мүмкін», – деді ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

19.04.2024

Түнде:

+8+10 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+21+23 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

20.04.2024

Түнде:

+10+12 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+23+25 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz



0 745178 614887 >



САРАПТАМА

Соңғы бір жыл ішінде елімізде адам құқығын қорғау, заң үстемдігін дамыту бағытына айрықша көңіл аударылды. Әрі бұл қадамдардың нәтижесі де көріне бастады. Әсіресе, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ, азаматтардың құқығын қайта қалпына келтіру және қорғау бойынша бірқатар заңнамалық өзгертулер мен толықтырулар жасалды. 17 сәуірде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаевты қабылдады. Мемлекет басшысына берген жылдық есепте де азаматтардың құқығын қалпына келтіру мен қорғау бойынша әрекеттердің жемісті болғаны анық байқалды.

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП ЖАҒЫМДЫ
НӘТИЖЕДЕ

Атап өткеніміздей, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Президентке азаматтардың құқығын қайта қалпына келтіру және қорғау жөніндегі жылдық есебін берді.

Қабылдау кезінде Мемлекет басшысына ұлттық превентивті механизмнің жұмысы, заңнаманы жетілдіру, халықаралық ынтымақтастық, құқық қорғау ұйымдарымен және азаматтық қоғаммен өзара ықпалдастықты жандандыру істері бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың да есебі берілді. Артур Ластаевтың берген есебінше азаптауларды болдырмау мақсатында оқшаулау мекемелерінде жыл бойы мыңнан астам кездесулер өткізілген. Ал азаматтардың құқығын қалпына келтіру бойынша 3,5 мыңнан аса ұсыным жолданған, 275 лауазымды тұлға жауапкершілікке тартылған. Бұл жұмыстардың нәтижесінде 900-ден астам адамның құқықтары қорғалғаны мәлім болды.

ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ
АЛҒА ІЛГЕРІЛЕУ

Шыны керек, 2022 және 2023 жылы еліміздегі адам құқығын қорғау мәселесі сыртқы сынның астында қалған болатын. Бұған «Қаңтар оқиғасының» да үлкен теріс әсері болды. Тіпті, адам құқығын қорғау бойынша халықаралық ұйымдар еліміздегі демократиялық және құқықтық даму индексі төмендегенін айтты. Human Rights Watch сынды беделді ұйымдар «Қазақстан билігі 2023 жылы орын алған адам құқықтарының бұзылуына мәнді түрде жауап бермеді немесе бұрынғы бұзушылықтар үшін жауапкершілікті қамтамасыз етпеді» деп сынға алған.

Алайда, елдегі ауқымды саяси-әлеуметтік және экономикалық реформалардың да өз рет-тәртібі бар. Елдегі бірінші кезекте тұрған әлеуметтік-экономикалық проблемаларды кешенді түрде реттеу

Адам құқығы:

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ӘЛЕМ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

Жаңа заңнамалық жоба тұтас ТМД көлеміндегі алғашқы бастама болып саналады



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛЫ.

Мемлекет басшысы ұсынған «Әділетті Қазақстан» концепциясының алғашқы қадамдары еді.

Мемлекет демократиялық қайта құрулар кезеңінде, адам құқықтарын қорғау жүйесін нығайту, оны үздік халықаралық тәжірибеге сәйкестендіру мәселесін қолға алды. Айталық, 2023 жылғы 8 желтоқсанда Қасым-Жомарт Тоқаев Адам құқықтары саласындағы жаңа іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Жарлыққа қол қойды.

Мемлекеттің осы бағыттағы іс-қимылдар бойынша жүйелі жұмыстарды қолға алуы биыл жыл басынан-ақ өз нәтижесін көрсете бастады. 12 қаңтар күні Ақорданың Баспасөз қызметі Қазақстан демократиялық қайта құрулар кезеңінде адам құқықтарын қорғау жүйесін нығайтуда және оны үздік халықаралық тәжірибеге сәйкестендіру бойынша табысты нәтижеге қол жеткізіп жатқанын мәлімдеді. Бұл демократиялық қатысу, адам құқықтарын қорғау және заңның үстемдігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша заңнамаға елеулі түзетулер енгізілгенімен анық әйгіленді. Әрине, құқықтық саладағы ауқымды қадамдар «Тыңдаушы мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес халықтың елеулі шешімдерді қабылдаудағы қатысуын жоғарылатуға бағытталған еді.

НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР ЖӘНЕ
ЖЕТІСТІКТЕР

Мемлекет басшысы бекіткен, жоғарыда атап өткен Жарлық негізінде, 2025 жылға дейін шамамен екі есе көп заңнамалық

Ақорданың баспасөз қызметі мәлімдегендей, былтыр ел көлемінде Омбудсменнің атына 5 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Яғни алдыңғы жылмен салыстырғанда, 1,5 есеге көбірек. Осының өзі азаматтардың құқығын қалпына келтіру немесе қорғау бойынша жүргізілген жұмыстың қажеттілікке негізделгенін аңғартты. Әрі бұл құқықтық салада әлі де болса шешілуі тиіс мәселелердің көп екенін аңғартты.

және практикалық міндеттер жүзеге асырылатын болады. Соның арасында 40-тан астам нақты іс-шара көзделген. Бұның негізгі бағыттары ретінде мыналарды атауға болады: әйелдер мен ерлер үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктер саясатын ілгерілету; бірлесу бостандығын, жұмыс істеу құқығын және жұмыс орнындағы қауіпсіздіктің қорғалуын жақсарту; тұрмыстық зорлық-зомбылық пен зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік көзқарасын қабылдау арқылы өмір сүру құқығын және қадір-қасиетін қамтамасыз ету; азаптау, сондай-ақ қылмыстық сот төрелігі мен бизнес саласында адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету; кемсітушілікке жол бермеу және инклюзия. Міне, бұлар еліміздің қысқа мерзімдік перспективада жүзеге асырғалы отырған міндеттері.

Ал осы бағыттағы бастамалар бір қырынан Біріккен Ұлттар Ұйымы және Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ) сияқты беделді халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық болып табылады.

Айта кету керек, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 15 сәуірде қол қойған жаңа заңнамалық жоба тұтас ТМД көлеміндегі

алғашқы бастама болып саналады. Заңның ресми қабылданғаны мәлім бола салысымен, Америка Құрама Штаттарының Қазақстандағы елшілігі жаңа заңның қабылдануымен құттықтап, ресми мәлімдеме таратты. Бұндай ресми құттықтаулар мен мәлімдемені Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстандағы Даму бағдарламасы және Еуропа қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы да жасады. Аталған тараптар еліміздегі құқықтық өзгерістердің, адам құқығын қорғаудың жағымды қадамдары екенін растады және Қазақстанның бұл қадамның құптайтындарын жеткізді. Біріншіден, бұл еліміздегі азаматтардың әлеуметтік және құқықтық өміріне әсер ететін игі өзгерістер. Ал екіншіден, бұл еліміздің демократиялық әлеммен болған қарым-қатынасының тағы бір саты жоғары көтеріле түскенін көрсетті.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



КЕЗДЕСУ

«Қазақстанның сайлау жүйесін дамытудың өзекті трендтері»:

КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІС

ҚР Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы Нұрлан Әбдіров Алматы қаласына келді. Алматы – жастар қаласы. Осыны ескере отырып, Орталық сайлау комиссиясының басшысы 18 сәуірде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттерімен кездесті. Кездесу көшбасшылық дәріс форматында өтті.

Пердехан ШӘМШИЕВ

Ортсайлауком Төрағасы «Қазақстанның сайлау жүйесін дамытудың өзекті трендтері» атты тақырыпта дәріс оқыды. Дәріс бір

жарым сағатқа созылды. Студенттер үшін бұл ұзақ уақыт бола тұра, қатысушылар қадірлі қонақтың сөздерін ұйып тыңдады.

Көшбасшылық дәріс Орталық сайлау комиссиясы мен еліміздің сайлау жүйесінің дамуын ұштастыра өтті. Спикер сайлау комиссиясы құрылғаннан бүгінге дейінгі аралықтағы өзгерістер жайлы баяндады.

Сонымен қатар, былтыр ОСК өзінің 30 жылдығын атап өткен еді. Осы орайда Нұрлан Әбдіров Орталық сайлау комиссиясы жанындағы Сарапшылық кеңестің мүшелері Халида Әжіғұлова, Эдуард Мұхамеджанов және Лейла Жанұзақоваға Алғыс хаттарды табыстады.

Іс-шараға ҚР ОСК жанындағы Сарапшылық кеңестің мүшелері мен университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы, студенттер қатысты. Кездесу соңында студенттер арасында сайлау саласы мәселелері бойынша онлайн-сауалнама жүргізілді.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»
хабарлайды:

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Саха Республикасының басшысы Айсен Николаевты қабылдады.
- Қазақстанға ресми сапармен Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров келді. Сапар аясында жоғары деңгейде екіжақты келіссөздер өтеді.
- Президент бірқатар елдің елшілерін тағайындады.
- Мәжіліс екінші оқылымда «Масс-медиа туралы» Заң жобасын қабылдады.
- Париж олимпиадасына аттанатын ұлттық құраманың киім үлгісі таныстырылды.
- Мамыр айында ауа температурасы республиканың көп бөлігінде нормадан 1-2° жоғары болады деп күтілуде.
- GOV.KZ сайтында су тасқынына қарсы іс-шараларды көрсететін онлайн-трансляция іске қосылды.
- Республикалық маңызы бар 12 автомобиль жолында көліктің барлық түрінің қозғалысына шектеу қойылды.
- Еліміздің өңірлерінде су тасқыны салдарын жою жұмыстары жалғасуда.
- Су тасқыны басталғалы бері барлығы 117 800 адам, оның ішінде 43 931 бала құтқарылып, эвакуацияланды.
- Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарында 6046 жеке тұрғын үй, 1130 аула аумағы су астында қалуда.
- 8914 адам, оның ішінде 4019 бала эвакуациялау пункттерінде орналасты.
- Апаттық-құтқару және су тасқынына қарсы жұмыстарға 44 121 адам, 4610 техника, 858 су сору құралы, 339 жүзу құралы, 16 әуе кемесі жұмылдырылған.

ТЖМ азаматтарды су тасқыны кезеңінде қауіпсіздік шараларын сақтауға, үйлерден және эвакуациялау пункттерінен тиісті рұқсатсыз кетпеуге шақырады және балаларды қараусыз қалдырмауды ескертеді.

САРАПТАМА

СУ ТАСҚЫНЫМЕН КҮРЕС

Қазақстан өзге елдерден неге көмек сұрамады?



(Суреттер akorda.kz сайтынан алынды).

(Басы 1-бетте)

АПАТТЫ ӨЗІМІЗ ЕҢСЕРЕМІЗ!

Қырғызстанның Қазақстанға гуманитарлық көмек жіберетіні туралы ақпарат 4 сәуірде шықты. Көрші елдің министрлер кабинетінің төрағасы Ақылбек Жапаров: «Бішкектегі ЖЭО-дағы апаттан соң Қазақстан Республикасы Қырғыз Республикасына қолұшын берді. Бұл жағдайда біз де өз тарапымыздан өздері сұрамаса да, гуманитарлық көмек береміз. Және де осы сәтті пайдаланып Өзбекстан, Түркіменстан және Қазақстанға алғысымды білдіргім келеді. Президенттің көрші мемлекеттермен жақсы саясатының арқасында, көмек сұрамай жатып бізге қолұшын берді», – деп Жоғарғы Кеңестің отырысында пікір білдірген еді.

Саясаткердің пікірінен мынадай ой түйге болады. Қазақстан ешқандай елден су тасқынын еңсеру үшін көмек сұраған жоқ. Алдағы уақытта да сұрамауы мүмкін. Оның екі себебі бар:

- ең алдымен, үкімет пен халықтың апатты еңсеруге қауқары жетеді;
- билік көршілерден көмек сұрайтын болса, халықтың көзіне әлсіз болып көрінеді. Саяси технологиялық тұрғыдан ұтымды қадам емес.

Сөзімізге Қасым-Жомарт Тоқаев пен Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонның телефон арқылы сөйлескені дәлел болмақ. 12 сәуірде Тәжікстан Президенті еліміздің бірқатар өңірінде болған су тасқынына байланысты қажетті көмек көрсетуге дайын екенін мәлімдеген еді.



Бұған «Мемлекет басшысы тілеуестік танытқаны үшін Тәжікстан Президентіне алғыс айтып, қазіргі таңда су тасқынымен күрес жұмыстары толықтай бақылауда екенін, Үкімет апат салдарын жою үшін барлық қажетті шараны қабылдап жатқанын айтты», – деген ресми жауабын Ақорданың баспасөз қызметі хабарлаған болатын. Дипломатиялық сөздерді қарабайыр тілмен айтқанда, Президент Тәжікстанның ілтипатына алғыс білдіре отырып, көмектен бас тартқан. Себебі, көмек сұрау биліктің әлсіздігін көрсетеді.

Қырғызстан мен Түркияның жағдайы бөлек. Екі ел біз көмек сұрамасақ та қолдау білдірді. 10 сәуірде телефон арқылы сөйлесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі күрделі ахуалға байланысты қолдау көрсеткені үшін Режеп Тайип Ердоғанға алғыс айтты.

БАСТЫ ҚАУІП –
ЖАЛҒАН АҚПАРАТ

Еліміздің бірқатар өңірінде су тасқыны өршіп тұрған сәтте әлеуметтік желіде қауесет пен дақпырт әңгіме таралған еді. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің басшысы Аида Балаева жалған ақпарат үкіметтің жұмысына кедергі келтірген фактілерді Facebook желісінде жазды: «Өкінішке қарай, апаттар мен су тасқыны туралы жалған хабарларға байланысты құтқару бригадаларының жұмыс күші қажет емес жерлерге бағытталған жағдайлар да болды. Салдарынан ең қажетті уақыт текке кетті, ресурстар пайдасыз шығын болды. Ақпарат саласына жүргізілген мониторинг барысында біз жалған ақпарат болып шыққан 29 фактіні анықтадық. Ол хабарламалардың барлығы тиісті тексеру-

ден кейін уәкілетті органдар тарапынан шынайы емес екені анықталды», – деп жазды Аида Ғалымқызы.

Әлеуметтік желіде тараған осындай жалған ақпараттың бірі «топан суды Ресей әдейі бізге жіберіп жатыр» деген қауесет. Бұл қауесеттің жалған екені кейін де белгілі болды. Түрлі ақпарат құралдарынан Ресейдің өзінде, Орынборды да су басып жатқаны тарады. Осы орайда, 9 сәуірде Қасым-Жомарт Тоқаев Ресейдің президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті. Онда президенттер шекара маңындағы өңірлерде орын алған су тасқыны жағдайын талқылап, екі ел үкіметтеріне табиғи апатқа қарсы күресте өзара ықпалдастықты нығайтуды тапсырған.

АВТОРИТАРЛЫ ӘДІС ЕМЕС,
ХАЛЫҚ ҚАЛАУЫ

16 сәуірде Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанай облысына жұмыс сапарымен барды. Президент су тасқыны салдарымен күресіп жүрген кәсіпкерлер мен еріктілермен болған кездесуде:

«Біздің елімізде Forbes тізіміне кіретін ірі кәсіпкерлер бар. Олармен арнайы кездесеміз. Олар әр облысқа, ауданға, елдімекенге бекітіледі және нақты жауапкершілік жүктеледі. Бұл бір жағынан кәсіпкерлердің мүддесіне сай келеді. Өйткені, олар өздерінің қосқан үлесінің нақты нәтижесін көретін болады. Халқына қайырымдылық жасаған азамат ретінде Сіздердің де есімдеріңіз мемлекет тарапынан елеусіз қалмайды деп ойлаймын», – деп мәлімдеді.

Кейбір белсенді азаматтарымыз бұл сөздердің астарында авторитарлы басқарудың белгілерін көруі мүмкін. Шынымен де, саяси теорияға сәйкес, кәсіпкерлерге жауапкершілік жүктеу авторитарлы режимнің белгілерінің бірі. Бірақ ірі кәсіпкерлердің халыққа қолұшын беруін халықтың өзі қалағанын естен шығармау керек. Осы сәтке дейін әлеуметтік желідегі қолданушылар ірі кәсіпкерлерден және қазақ эстрадасы жұлдыздарынан қолдау іздеді. Мұны бәріміз оқып та жүрміз. Сондықтан Президенттің ірі кәсіпкерлерге жауапкершілік жүктеледі дегені авторитарлық емес, халықтың қалауы деп түйген абзал.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



МИНИСТРЛІК

**ЖАҢА КӘСІБИ
МЕРЕКЕЛЕР
пайда болады**

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 8 жаңа кәсіби мерекені бекітуді жоспарлап отыр, деп хабарлайды «АҚШАМ-АҚПАРАТ» министрліктің баспасөз орталығына сілтеме жасап.

Ведомство басшысы бұйрығының тиісті жобасы дайындалып, «Ашық НҚА» порталында орналастырылған. Атап айтқанда, кәсіби мерекелердің тізбесін мына айтулы күндермен толықтыру көзделіп отыр:

- 7 сәуір – Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлер күні;
- 16 сәуір – Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласының қызметкерлері күні;
- 20 мамыр – Метрология қызметкерлерінің күні;
- 10 шілде – Ветеринариялық қызметкер күні;
- Қыркүйектің бірінші сенбісі – Аңшылық шаруашылығы қызметкерінің күні;
- 1 қазан – Қазақстан Республикасының Жоғары білім беру қызметкерлері күні;
- 14 қазан – Стандарттау қызметкерлерінің күні;
- 18 қараша – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдарының күні.



Жаңа кәсіби мерекелерді енгізу туралы ұсыныстарға тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдары бастама жасаған. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «Кәсіби мерекелер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №258 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» бұйрығының жобасымен мына сілтеме бойынша танысуға болады: <https://legalacts.gov.kz/npa/view?id=15008211>.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

#БізКөппізҚалаЖалғыз

**БАУМ ТОҒАЙЫНДАҒЫ ПЛОГГИНГ**

Шаһарда «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында жүгіруді қоқыс жинаумен біріктіретін іс-шара өтті

Іс-шараға 100-ден астам адам қатысты. Оларға қоқыс пакеті мен қолғап ұсынылды. Жүгіру канал маңында басталды. Қатысушылар маршруттың ұзындығы шамамен 6 шақырым болатын Тоғай бойымен үлкен айналым жасады.

Ернұр
РЫСБАЙ

– Өздеріңіз білетіндей, Алматыда қала әкімінің бастамасымен экологияға бей-жай қарамайтын мегаполис тұрғындары мен қонақтары үшін «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны басталды. Ақция барысында барлық қоқыс тазартылды. Экстремалды атлетика, «Бірінші болу батылдық» қоры, сондай-ақ Алматы тұрғындары атынан спорт қоғамдастықтары белсенді қатысады. Менің ойымша, плоггинг өте жақсы өтті.

Экология тұрғысынан алматылықтардың мәдениеті өте жоғары. Қазақстан бойынша Алматы жасыл желегі көпбасшы болып табылады. Қала тұрғындары экология үшін алаңдайтынын және экоакцияларға белсене қатысатынын атап өткім келеді.

Алматылықтар бұл науқанды да өте жақсы қабылдады, әрине қуанышты жайт, – деді Алматы қаласы спорт басқармасы басшысының орынбасары Бекжан Онжан.

Экологиялық қозғалысты қолдауға келген алматылық спорт клубының жаттықтырушысы Эльвира Зверева да қоршаған ортаның таза әрі әдемі болғанын қолдайтынын айтты: «Адамдар қоқыс шығаруға және не істеп жатқанына саналы түрде қарауы үшін осындай науқандар керек. Меніңше, адам қоқысты тастаудың соңы неге әкелетінін көрсе, келесі жолы бұл мәселеге жауапкершілікпен қарайды. Мұндай іс-шаралар жұртшылықты экология мәселесіне және қалада тазалықты сақтауға тартады, – деді ол.

Естеріңізге сала кетейік, 8 сәуір мен 8 мамыр аралығында Алматыда «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны өтіп жатыр. Әрбір тұрғын қаланың дамуы мен абаттандырылуына өз үлесін қоса алады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Иван КРАСНОВ, ерікті:

**ЭКОИДЕЯЛАРДЫ ЖАППАЙ
НАСИХАТТАУ КЕРЕК**

Мен жарыстарға жиі қатысамын, сондай-ақ ерікті болуға тырысамын. Бұл спортшыларға көмек және олардың әрқайсысы жарыс өткізуге үлес қосып, оларға процесті жеңілдетуі керек деп санаймын. Жарыспен қатар плоггинг өткізуді ұйғардым. Жарыстан кейін қоқыс жинаймыз. Жалпы, біздің тұрғындардың экологияға деген көзқарасы өте төмен деңгейде. «Экология» және «экологиялық» ұғымы біздің қала тұрғындарына жатпайды. Бірнеше метр жерде қоқыс жәшігі тұрса да, қоқысты жерге тастай салады. Адамдар қоқысты қайда тастау керектігін түсінбейді. Олардың ойынша артынан біреу тазалауы керек. Олар ұлттық саябақтарда ақша төлегесін жинауы керек деп санайды. Бұл бізде мектеп қабырғасында, университеттерде де айтылмайды. Сондықтан мен экоидеяларды жаппай насихаттау керек деп санаймын, мүмкін сол кезде халықтың санасы оянып, өздері артын жинап жүрер деген ойдамын.

Ержан БІРІМЖАНОВ,
«Алматы марафоны» компаниясының операциялық директоры:

**МӘДЕНИЕТТІ БОЛУДЫ
ҮЙРЕТУГЕ
МҮМКІНДІК БЕРЕДІ**

Плоггинг – бұл жай ғана жүгірмей, айналаны қоқыстан тазарту. Тоғайдағы барлық соқпақты қамтыдық. Біз халықаралық тәжірибені қолдандық – адамдар спортты әлеуметтік жауапкершілікпен біріктіреді. Біз пандемияға дейін экоплоггинг жасадық, енді қайтадан осы қозғалысты бастадық. Ең кемі үш плоггинг өткізуді жоспарлап отырмыз, бірақ олардың санын көбейту керектігін ойланамыз. Менің ойымша, экологияға қамқорлық жасау өте дұрыс нәрсе, бұл адамдарды қоқыс тастамауға үйретеді. «Тазалық жинаған жерде емес, сақтаған жерде» деген. Жалпы, мұндай ақциялар адамдарды көптеп тартуға, мәдениетті болуды үйретуге мүмкіндік береді. Ол осындай жобалар арқылы жүзеге асады.

НАУҚАН

**МЕРЗІМІ ӨТКЕН
ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕРДІ ҚАБЫЛДАЙДЫ**

Алматы емханаларында «Алматы – ортақ үйіміз» науқаны аясында тұрғындардан мерзімі өтіп кеткен дәрі-дәрмекті қабылдау мерзімсіз науқаны басталды.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Бұл бастама мерзімі өтіп кеткен дәріні дұрыс кәдеге жарату және оның қоршаған ортаға тигізетін әсері туралы халықтың хабардарлығын арттыруға бағытталған.

Көбіміз мерзімі өтіп кеткен дәрі-дәрмекті қалай дұрыс жою керек екенін білмей, үйде сақтап жатамыз. Нәтижесінде мұндай дәрі қоршаған ортаны ластану көзіне айналуы немесе денсаулыққа кері әсер тигізуі мүмкін.

Бұл науқан тұрғындарға мерзімі өтіп кеткен дәрі-дәрмекті қауіпсіз жоюға көмектесу үшін ұйымдастырылған.

Ол үшін әр емханада арнайы жәшік орнатылған. Тұрғындар мұндай жәшіктер қай емханада орнатылғаны туралы ақпаратты almaty.kz сайтынан ала алады.

Аталған жәшіктерге:

- тұтас күйінде блистерде таблеткаларды;
- тығыз байланған пакетте қаптамасыз капсула таблеткаларды;

- тығыз байланған пакетте анализге арналған банкаларды;
- сұйықтығы бар флакондарды: сироп, тамшы және т.б. Егер ол ағып жатса, оны тығыз байланған пакетте;
- тұтас және қолданылған ампулаларды тығыз байланған пакетте;
- жақпа, гельдер, қақпағы болмаса тығыз байланған пакетте салуға болады.

Бетперде, қолғап, аяққап, шприц және инесі бар инъекциялық жүйелер, пайдаланылған таңғыштар (жабысқақ пластырь, дәке, мақта) қабылданбайды.

«Қазіргі таңда мерзімі өткен дәрілерді қайта өңдеуге әкелуге болатынын айтқымыз келеді. Ақция аясында арнайы жәшіктер қарастырылған. Науқан мақсаты – қоршаған ортаға бей-жай қарамау. Сондықтан өз өмірімізге өзіміз ұқыпты қарайық. Біз барлық тұрғынды осы бастамаға қосылып, салауатты және таза қоршаған ортаны сақтауға үлес қосуға шақырамыз», – деді №5 қалалық емханасының директоры Сәуле Төлегенова.

Сонымен бірге, науқанға қала тұрғындары да белсенді қатынасып, өз үлестерін қосып жүр.

«Бұрын мерзімі өткен дәрі-дәрмектерімді қайда өткізетінімді білмей жүр едім. Енді осы ақцияны ел-жұрт дәрілерді утилизация жібери керектігін түсініп біліп жатыр», – деді қала тұрғыны Айгүл Найзабекова.

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

«Гүлдер» саябағында «Жас жұбайлар» аллеясының ашылу салтанаты өтті. 8 сәуірде басталған «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны мен Қозы Көрпеш – Баян сұлу күні аясында өткен іс-шарада 2 жуп неке қиып, жанұялық өмірге қадам басты.

**ҒАШЫҚТАР
АЛЛЕЯСЫ**Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қол ұстасқан екі ғашықтың жаңа өмірі игі іспен басталды. Қаланы көгалдандыруға атсалысып, саябаққа өздерінің «махаббат ағашын» отырғызды. Жетісу ауданының әкімдігі ұйымдастырған іс-шараға өнер жұлдыздары мен аудан тұрғындары қатысып, жайқалып өсіп, алып бәйтерекке айналсын деген ниетпен 30-ға жуық қарағаш көшетін екті.

«Алланың қалауымен осындай керемет күнде некемізді қиып отырмыз. Аудан әкімдігі қолдап, бізге осындай мүмкіндік бергеніне қуаныштымыз. Қаламыз көркейе

берсін! Бұйырса, балаларымыз дәл неке қиған күні отырғызған ағаштың көлеңкесінде ойнап жүретін болады», – деді қала тұрғыны Айдын Әбдірайымов.

Отау құрғандарына 50 жыл болған Нұрғали мен Орынша Қанаевтар жас жұбайларға бата беріп, ізгі көңілден шыққан ақ тілектерін айтты.

«Жас жұбайлардың қуанышына куә болыңыздар дегенде қуандық. Біздің өмірлік жолымызды берсін деген ақ ниетімізді жеткізу үшін арнайы келдік. 50 жыл аз уақыт емес. 4 қыз, 9 жиен-немере өсіріп отырған бақытты жанұямыз. Жастардың некесі берік әрі ұзақ болсын!», – деген тілегін білдірді Орынша Берденова.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Данияр ӘЛКЕБАЙҰЛЫ,
Жетісу ауданы әкімінің
орынбасары:

– «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанына жастар да өз үлесін қосуда. Осы уақытқа дейін аудан көлемінде 30-ға жуық іс-шара өтті. Қағаз қалдықтарын өткізді. Аудандағы 21 мектепте оқушылар арасында табиғатты сақтау, аялау тақырыбында шығармалар байқауы ұйымдастырылды. Тазалық жұмыстары күнделікті жүріп жатыр. Әр ұшимаудандағы кәсіпкерлер мен тұрғындар да атсалысып жатыр. Аталмыш науқанға қатысатын еріктілер саны күн санап артып келеді.



ЖҰМЫС САПАРЫ

ТҰРҒЫНДАР КҮТКЕН НӘТИЖЕ

Түркісіб ауданының тұрғындары шаһар басшысына инженерлік коммуникацияға қатысты ұзақ жылға созылған мәселені шешкені үшін алғыс білдірді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Медеу және Түркісіб аудандарына жұмыс сапарымен барып, тұрғындармен кездесті. Жұмыс сапары барысында «Шуақты» шағынауданында инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту бойынша іске асырылған жобалармен танысты.

Түркісіб ауданының әкімі Бақытжан Ақжаров қала басшысына «Шуақты» шағынауданында инженерлік инфрақұрылымға қатысты ұзақ жылғы мәселені шешу туралы баяндады.

Шағынауданда электрмен жабдықтау желілерін салу бойынша жоба жүзеге асты. Бір жылға жетер-жетпес уақытта жүргізілген 5,5 шақырым желіні жаңғырту электр қуатының шығынын азайтуға, пайдалану шығындарын қысқартуға және 1500-ден астам тұрғынды сапалы электрмен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Аталған шағынауданда ұзындығы 17,4 шақырым сумен қамту және су бұру желілерін салу жобасы жүзеге асырылды. Оның ішінде 10 шақырым – су құбыры, 7,4 шақырым – кәріз желісі. Жоба аясында Айша бибі, Ақтасты, Береке, Волочаевская, Дуадак, Мәйекті Саялы, Теректі, Бірғайты сынды 9 көше қамтылды. Жұмыс жүргізген «Мелиоратор» мердігерлік ұйымы 2023 жылдың маусым айында жолдың ені бойынша асфальт төсемді толық қалпына келтіре отырып, желілердің құрылысын аяқтады.

Бұл шағынаудан тұрғындарына орталық сумен қамту және су бұру желілеріне қол жеткізуді қамтамасыз еткені үшін қала тұрғындары шаһар басшысына алғыс білдірді.

Сонымен қатар, Волочаевская көшесінің кәріз ағыны үшін қажетті еніс жоқ шағын учаскесінде кәріз-сорғы құрылысын салу жобасы әзірленуде. Әлеуметтік жауапкершілік аясында жобалаушы жұмысты тегін жүргізеді. Мемлекеттік сараптама шамамен 2024 жылғы маусым айында шығады.

Сондай-ақ, Ерболат Досаев «Шуақты» шағынауданындағы көшкіндердің алдын алу жоспарымен танысты. Қала басшысы бірінші кезекте тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, оның ішінде қажет болған жағдайда еңістің шетіндегі үйлерді сатып алуды тапсырды. Сонымен қатар, шағынауданда нөсер кәрізін салу қажеттігін атап өтті.

«Шуақты» шағынауданында инженерлік коммуникацияға қатысты қордаланған мәселе шешімін тапты



Қала басшысы гидрогеологиялық зерттеулер жүргізуге және өзен арнасының негізін нығайтуға нұсқау берді.

Сондай-ақ, қала әкімі Түркісіб ауданындағы ескі тұрғын үйлерді жаңарту бағдарламасы бойынша үйлердің құрылыс барысын тексерді. Жұмыс сапары аясында шаһар басшысы аталмыш бағдарлама бойынша тұрғын үйлерді салу

және тұрғындарды көшіру барысымен танысты.

Инвестициялық жоба шарты мен Алматы қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі қаулысы негізінде Түркісіб ауданында Сейфуллин, Кассин, Котельников, Ақан сері көшелерінің аумағындағы «Qazaq Stroy» құрылыс салушысы 8 көппәтерлі тұрғын үйді салып жатыр.



2022 жылы осы аумақта бірінші кезек бойынша 119 пәтерге арналған 6 қабатты екі үй салынып, пайдалануға берілді, оған жақын маңдағы ескі үйлердің тұрғындары көшірілді.

Екінші кезекті тұрғын үй салу үшін екі қабатты 12 ескі үй бұзылды. Олардың орнында биыл маусым айында 429 пәтерге арналған 6 көппәтерлі үйдің құрылысы аяқталады, оның 130-ы – ескі тұрғын үй тұрғындарына арналған.

Үшінші кезекті үй салуды бастау үшін 160 пәтерден тұратын 18 ескі үйдің тұрғындарын екінші кезектегі үйлерге көшіру қажет. Алайда, 34 меншік иесі көшуге әлі келіскен жоқ, 126-сы айырбастауға келісті.

Пәтер иелерінің көпшілігі тозығы жеткен үйдегі жағдайдың жоқтығын айтып, оларды тездетіп көшіруді сұрайды. Олардың айтуынша, тұрғын үйді жөндеуге келіспейтін меншік иелері өз пәтерін жалға береді. Сондықтан тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүдделі емес. Өз кезегінде қала әкімі тұрғындарға меншік иелерінің 100% келісімінсіз инвестор қоныс аударуды бастай алмайтынын түсіндірді. Мұның шешімі ретінде Ерболат Досаев өзі құрған қоныс аудару қорын тартуды ұсынды. Ескі тұрғын үйді қалдыруға келіскен азаматтар қордың пәтерлеріне біртіндеп қоныстана бастайды.

«Біз күрделі құрылыс кәсіпорны арқылы тозығы жеткен үйлерді босатуды бастаймыз. Сіздердің жағдай жақсарған жаңа тұрғын үйге көшкендеріңізді қалаймын, өйткені мен осындай пәтерлерге барған кезде әкім ретінде жүрегім ауырады», – деді қала басшысы.

Тұрғындар әкімге тұрғындар көшкісі келмейтін монша, бау-бақша, бассейн, гаражы бар көптеген заңсыз ғимараты бар ескі үйлер туралы айтып берді. Мегаполис басшысы қала құрылысын бақылау басқармасына өз бетінше салынған ғимараттардың заңдылығын тексеруді тапсырды. Сонымен қатар, кездесуде тұрғындар көтерген барлық мәселе заң аясында шешілетінін жеткізді. Ескі тұрғын үйді жаңасына ауыстырған қала тұрғындары қала әкіміне алғыс білдірді.

«Ескі үйлер қорқынышты, өмір сүруге келмейтіндей жағдайда еді. Қазір бізде жаңа, таза пәтерлер бар. Мен бұл үйге екі жыл бұрын қоныстандым, біз өте қуаныштымыз», – деді жаңа ғимараттың тұрғыны.

Ерболат Досаев аудан әкімдігіне жаңа үйлердің аумағын абаттандыру мен көгалдандыруды бақылауды, сондай-ақ тұрақ орындарын қарастыруды жүктеді.

Мегаполис басшысы жайлы қалалық орта құру – әкімдік жұмысының басты бағыттарының бірі, ал ескі тұрғын үй мәселесі Түркісіб ауданындағы ең өзекті мәселенің бірі болып қала беретінін атады.

Айта кетейік, Түркісіб ауданында көппәтерлі тұрғын үй қорында 1247 үй бар, жөндеуді қажет ететін ескі үйлердің саны 586.



#Күшімізбірлікте

(Фотодереккөз:midjourney).



ҚАРҒЫН СУДЫҢ САЛДАРЫ: жұмыла көтерген жүк жеңіл

Биыл көктем еліміздің батыс өңірлеріне ерте келді. Күннің күрт жылынуы салдарынан қарғын су ернеуінен асып, еліміздің солтүстік және батыс өңір халқын әбігерге салды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қарғын судың ауқымын соңғы сексен жылда болмаған, ауқымды табиғи апат деп атап өтті. Бүгінгі таңдағы мәлімет бойынша, азаматтық авиация қызметі арқылы жалпы саны 111 194 тұрғын эвакуацияланды. Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, 9,5 миллион текше метрден астам қарғын су алынып, 2,2 миллионнан астам қап пен 1,2 миллион тоннадан астам инертті материалдар төселді. Қарғын судан келген шығынның көлемі арнайы комиссия аясында анықталуда. Қарғын су салдарынан келген экономикалық зардаптардың қайта қалпына келуі – уақыт еншісінде. Алайда, биылғы қарғын су тасқыны еліміз үшін аса маңызды құндылықтар қалыптастырды. Мақаламызда тосыннан келген табиғи апаттың қоғамдық құндылықтарға ықпалын талдап көрелік.

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі жойқын су тасқынының салдарын жою және зардап шеккен азаматтарға көмектесу үшін басқа шараларға жұмсалатын қаржыны барынша үнемдеу қажет екенін ескеріп, биылғы 13-14 маусымға жоспарланған Астана халықаралық форумын өткізбеу туралы шешім қабылдады. Астана халықаралық форумы өз жұмысын 2025 жылы жалғастыратын болады.

Қарғын судан келген зардаптардың қоғам үшін маңыздылығын арттырған құндылықтың бірі – қаржы көздерін тиімді пайдалану бойынша болды. Қаржы министрі Мәди Тәкиевтің мәліметіне сәйкес, 2024 жылы Астана экономикалық форумын өткізуге қазынадан 1,4 млрд теңге көлемінде қаржы қарастырылған. Алайда, бұл сома өткен жылдармен салыстырғанда, кеміп келуде. Мысалы, 2018 жылы форумды өткізуге 2,4 млрд теңге бөлінсе, 2023 жылы 1,5 млрд теңге бөлінген еді.

Мемлекет басшысы су тасқынының салдарын жою және зардап шеккен азаматтарға көмектесу үшін басқа шараларға жұмсалатын қаржыны барынша үнемдеу қажет екенін ескеріп, биылғы форумды өткізуді келесі жылға қалдырды.

Президенттің бұл Үндеуі тек аталмыш форумға қатысты ғана емес, сонымен қатар тұтас қоғам үшін қазына қаражатына байыппен қарауға үндейді. Форумдар мен

саммиттерге, бір реттік имидждік шараларға емес, стратегиялық маңызды салаларды басымдыққа алуды меңзейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылы жаңадан жасақталған Үкіметтің кеңейтілген отырысында атап өткеніндей, елімізде су шаруашылығы нысандарының 60 пайызы тозған. Аталмыш саладағы қордаланған мәселені құрылымдық негізде шешу үшін Су ресурстары және ирригация министрлігінің де құрылғандығы сондықтан.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы ел халқына арнаған Жолдауында «Көктемгі қарғын суды жинау және оны егістікке жеткенше құмға сіңіріп жоғалтып алмау мәселесі шешімін табуға тиіс. Өйткені, оның бәрі – ішкі су қорымыз. Ол үшін 20 жаңа бөген салу, кемінде 15 су қоймасына күрделі жөндеу жүргізу және 3500 шақырымдық каналды жаңғыртып, цифрлық тәсілмен бақылауға алу керек» деген нақты тапсырма берген болатын. Еліміздегі гидротехникалық нысандардың ескіргені айқын.

Екіншіден, қарғын судың әлегі ұлттық бірлігіміздің артқандығын көрсетіп, алдағы уақыттары қайталанбауы тиіс нақты құндылықтар қалыптастырды. Жарқын мысалы, еліміздің әрбір өңірінен белсенділер мен еріктілер жинақталып, ұжымдық рухта жұмыс жасауы. Су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру және су тасқынының зардаптарын жою жөніндегі республикалық штаб отырысында

Қасым-Жомарт Тоқаев үкіметке, билікке және бизнеске бірқатар міндеттер қойған еді. Нәтижесінде мемлекеттің әлеуметтік ролін ғана емес, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін сезініп, нақты қадамдарға барғандығын көріп отырмыз.

Елімізде қарғын судан келген зардаптарды жою кешенді жұмысты қажет етеді. Алайда, зардабын жою жеткіліксіз, келесі жолы қайталанбайтын нақты қадамдар қабылдануы қажет.

Халықаралық тәжірибеде әрбір мемлекеттің төтенше жағдайларға дайындығы нақты қалыптасқан инфрақұрылымы мен жүйесі арқылы анықталады.

Елімізде көктем мезгілінде жиі орын алатын су тасқындарының қажетті деңгейде алдын ала алмаудың бірнеше себептері болды.

- Біріншіден, жауапты мекемелер қар еру маусымына тыңғылықты дайындалмауы;
- Екіншіден, гидротехникалық нысандар мерзімді түрде жанартылмауы. Көктемгі еріген суды қазандықтарда жинақтап, жазғы маусымда пайдаланудың бірегей жүйесі қарастырылмауы;
- Үшіншіден, соңғы отыз жылда су тасқыны жоғары аймақтарда заңсыз салынған тұрғын үйлер мен елді мекендердің көптеп болуы;
- Төртіншіден, аталмыш саланы ғылыми сараптамалық негізде зерделеп, қажетті ұсыныстар мен зерттеу қорытындыларын ұсынып отыратын аналитикалық зерттеу орталықтарының болмауы.

Аталмыш кемшіліктер жүйелі түрде шешімдерін табатынына сеніміміз мол.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



ҚАРУЛЫ КҮШТЕР

СУ БАСҚАН ӨҢІРЛЕР:

3 мыңнан астам әскери қызметші жұмылдырылды

Қарулы күш қызметкерлері де су басқан өңірлердің тұрғындарын эвакуациялау, су тасқыны қаупі бар аймақтарда бөгет қою, тұрғындарға азық-түлік пен қажетті заттарды жеткізуге көмектесіп жатыр. Бұл туралы Қорғаныс министрлігінің ресми өкілі Руслан Жангулин айтып берді.

«Су тасқынына қарсы іс-шараларға Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінен 3169 әскери қызметші, 242 бірлік автомобиль техникасы, 4 армиялық авиация тікұшағы, 3 әскери-көліктік ұшақ, 2 Ұлттық ұлан авиациясы жұмылдырылды. Әскер авиациясы елді мекендерден 293 адамды эвакуациялады, 15 адам және 11,7 тонна жүк тасымалданды. Сонымен қатар, Петропавл, Орал, Атырау облыстарына әскери-көліктік авиация ұшақтарымен гуманитарлық көмек жеткізілді. Әскери ұшқыштар барлығы 2951 адамды, оның ішінде 811 баланы эвакуациялады», – деді Руслан Жангулин ОКҚ-де өткен брифингте.



(Сурет: Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі).

Оның айтуынша, Қарулы күштер жеке құрамының күшімен өзендер, көлдер мен елді мекендер маңындағы су жағалауларына 174 мыңнан астам қап құм төселді.

ІС ҚОЗҒАЛДЫ

Су тасқыны кезінде қаза тапқан немесе хабарсыз кеткен адамдарға қатысты қылмыстық іс қозғалды. Бұл туралы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев мәлімдеді. Оның айтуынша, табиғи апат кезінде Абай облысында екі адам жоғалып кеткен. Атырау облысында 4 адам, Түркістан облысында бір бала суға батып қайтыс болды. Қазір бұған қатысты тергеу шаралары жүріп жатыр.

«Атырау облысында 4 адам, Түркістан облысында кішкентай бала батып кетті. Ол оқиғалар бойынша қылмыстық істер тергеліп, алдын ала тергеу шаралары жүріп жатыр. Тергеу амалдарының нәтижесі бойынша ғана шешім шығарылады», – деді ҚР Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

МӘДЕНИЕТТІЛІК ӘДЕБІ

Тәулік бойы тіршілік қазаны қайнап жататын қала өмірін қоғамдық көліксіз елестете алмаймыз. Алматылықтардың басым көпшілігі таңертең жұмысына, кешке үйіне қайту үшін осы көліктерді пайдаланады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ

Өткен жылы мегаполис басшысы Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша әкімдік 600 автобус пен 100 троллейбус сатып алып, 22 жаңа бағытты, оның ішінде 10 қала маңындағы бағытты ұйымдастырып, 50-ге жуық елдімекенді көлікпен қамтыған болатын. Биыл тағы 600 автобус, 100 троллейбус және 100 электроавтобус сатып алуды жоспарлап отыр. Демек, Алматыда жолаушы тасымалдау ісі, яғни қоғамдық көлік жайы жақсарды. Қазір өзіңіз де байқап жүрген боларсыз, халыққа қызмет көрсетіп жүрген қоғамдық көліктердің көбі жаңарған. Заманауи құрылғымен жабдықталып, кондиционер, бейнебақылау құрылғыларымен және телефондарды зарядтауға арналған USB қосқыштармен қамтылған, заман талабына сай. Жайлы көліктермен алматылықтар диттеген жеріне қатынап жүр. Бірақ... Неге екенін қайдам, соңғы уақытта автобус жүргізушілері мен жолаушылар арасында ережесіз көбейіп, текетірес тыйылмай тұр. Тіпті, мұндай оқиғалардың соңы қайғылы жағдайға әкеп соғып жатқанына ел куә.

Әсілінде, қоғамдық көлік – көпшілік пайдаланатын транспорт түрі ғана емес, ол қоғамның бет-бейнесін көрсететін айна нәмі орта. Бұл жерден күніне мың түрлі адам мен мың түрлі мінез көруге болады. «Жүре берсең, көре берсең, көре берсең, көне берсең» демекші, жолаушылар арасында сыпайы да, дөрекі де, мәдениетті де, мәдениеті төмендеу адамдар да кездеседі. Үлкендерге орын бергісі келмейтін жастар мен көлік ішінде жалғыз өзі отырғандай айғайлап сөйлеп, сағаттап әңгіме соғатын, кейде тіпті видео көріп, онысының дауысын қатты шығарып қоятын жолаушылар да осында... Ол-ол ма, қоғамдық көліктің есігі әккі ұры мен алаяққа да, темір тордан шыққан қылмыскер мен психикасы бұзылған науқасқа да ашық...

«КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІГЕ
КЕДЕРГІ КЕЛТІРМЕ!»

Естеріңізде болса, бұрындары қоғамдық көліктердің жүргізуші отыратын жағындағы терезелерінде «Жүргізушіге кедергі келтірме!» деген жазуы бар бір жапырақ қағаз ілулі тұратын. (Бірақ кейінгі жаңа көліктерден мұндай жазуды байқамай жүрміз – авт.) Үнсіз ғана көз жүгіртіп оқып қалатын ескертудің салмақтылығы ма, әйтеуір, көлік жүргізушінің жанында мүмкіндігінше ешкім тұрмауға, кедергі келтірмеуге тырысатынбыз. Ал қазір ше?

Қазір жағдай басқаша! Көпке топырақ шашудан аулақпыз, әрине. Автобустардың жағдайы жақсарған сайын бүгінгі жолаушыда талап та, талғам да өзгерген. Қазіргі жолаушы көлік уақытынан сәл кешігіп келсе немесе жүргізуші тарапынан қандай да бір кемшілік байқап қалса, сол олқылықты әлеуметтік желіге жүктегіш. Кейде тіпті қалаған жерінен түсіп қалғысы келіп, жүргізушіге «талап» қойғыш.

Әлбетте, жүргізуші мұндай талаптарға бағынбайды. Жүйкесі жұқалары жүргізушімен сөз таластырып, тіпті жаға ұстаушы төбелесе кетеді. Үлкен де, кіші де отыратын көліктің іші айқай-шу, балағат сөздер кетеді. Ал мұны естіген жас балалар кімнен үлгі алады? Қоғамдық көлік мәдениетін қалай қалыптастырады? Өкініштісі, ешкім ақтап алуға келмейтін

Соңғы уақытта қоғамдық көлік жүргізушілері мен жолаушылар арасында жанжал жиі орын алып жүр



Коллажты жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛЫ.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Жұмажан ЖАҒЫБЫРОВ,
техника ғылымының докторы, профессор:

«ЖОЛАУШЫ ЖӨНІНДІ БІЛ,
ЖҮРГІЗУШІ СЕН ДЕ АБАЙЛА!»

Жолаушылардың көбі қоғамдық көлікте өздерін қалай ұстау туралы қарапайым әдепті білмейді. Кейінгі уақытта жолаушы мен жүргізуші арасында жанжал көбейді. Бұл – алаңдатарлық мәселе. Көлік жүргізуші өзінің ғана емес, айналадағы адамдардың өмірі үшін жауапты. Сондықтан қоғамға қауіп төндіретін мұндай әрекеттерге бей-жай қарауға болмайды. Жүргізуші де сіз бен біз сияқты ет пен сүйектен жаралған адам. Жолаушы оның намысына тиіп, балағаттағанда, еңбегін бағалап құрмет көрсетуі тиіс қой. Өз басым, жүргізушілердің физикалық тұрғыдан да қорғалуы қажет деп есептеймін. Құқық саласының мамандары көліктердің камералармен жабдықталғанын алға тартады. Бірақ ол құрылғы жанжалға қарсы тұра алмайды ғой. Алағыз уақытта жүргізушілерге қорған болатын кабинеттері бар автобустарды сатып алуымыз керек шығар. Одан кейін жүргізушілердің өздеріне де көліктегі қарым-қатынас мәдениетін үйрету қажет. Ұрыскеріске жол бермеу үшін оларда психологиялық дайындықтың болуы да маңызды. Қысқасы, қазіргі уақыт «жолаушы жөнінді біл, жүргізуші сен де абайла!» дегеннен арыға аса алмай тұр.

осындай көріністер қазіргі таңда қоғамдық көліктерде жиі орын алуға тиіс. Тіпті, мұндай текетіретің ақыры орны толмас өкініштерге әкеліп жатқаны жанға батады. Өткен жылғы желтоқсан айында болған оқиға дәл осындай ережестің нәтижесі емес пе еді?!

ӨЗГЕНІҢ ҚАТЕЛІГІ САБАҚ
БОЛУЫ ТИІС

Қара жамылтқан қазалы оқиғадан кейін, қаңтар айында еліміздің барлық аймағында полицейлер «Тасымалдаушы» деп аталатын рейттік профилактикалық іс-шаралар өткізді. Ал аумақтық полиция бөлімшелерінің өкілдері бейнебақылау камераларымен және «102» арнасына шығатын дабыл түймелерімен жабдықтау мәселелері бойынша көлік кәсіпорындарының басшыларымен кездесулер ұйымдастырды.

Рейттің бірінші күнінде қоғамдық көліктің мүлкін қасақана бүлдіру, ішімдік ішу немесе мас күйінде көлікке міну, қоғамдық орындарды ластау секілді 200-ден астам құқық бұзушылықты анықтаған. Бірақ бізде өзгенің қателігінен сабақ алмайтындыр көп екен. Алдыңғы қайғылы оқиға енді ұмытыла бастағанда, Алматыдағы жолаушы автобус жүргізушісінен сөз астам. Оқиға Бостандық ауданында таңғы сағат сегіздер шамасында болған. №98 бағыттағы қоғамдық көлікке мінген 38 жастағы жолаушы автобус жүргізушісінен сөз астам. Бостандық аудандық Полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Дидар Ахановтың айтуынша, тәртіп бұзған азамат көлік жүргізушіге

жұмысқа кешігіп бара жатқанын айтып, жылдам жүруін талап еткен. Алайда, белгіленген кесте мен жол ережесіне бағынған көлік жүргізушісі оның өтінішін орындаудан бас тартқан. Екеуара текетірестен соң бұзақы көлік жүргізушісіне қол көтерген. Жанжал мұнымен аяқталса жақсы ғой... «соғыс» аялдамада жалғасқан.

Куәгерлердің айтуынша, көлік жүргізушісі бұзақының артынан жүгіріп шығып, төбелесе кеткен. Ережесіз ұшығып бара жатқан соң аялдамада тұрған жолаушылар оларға араша түсіпті. Кейіннен күдікті ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалды. Арада көп уақыт өтпей, тәртіп бұзған жолаушы автобус жүргізушісімен төбелескенін мойындап, көпшілік алдында кешірім сұрады. Бағымызға орай, бұл жолы жігіттердің көздері көгергені болмаса, өздерінен басқа ешкім зардап шеккен жоқ. Медициналық көмек те қажет болмады. Бірақ «бұзақылық» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды.

МЕЙІРІМГЕ ШӨЛДЕП
ЖҮРМІЗ

Жол ережелерін сақтай бермейтін адамдардың басым көпшілігінде агрессия басым болады. Психолог мамандардың айтуынша, адамдардың агрессияға жақын болуына тұрмыстық жағдайдың әсері көп. Алматыда байлар көп, бірақ тұрмысы нашар халық та көп. Шамадан тыс несие алу, кредитке той жасау, баласының оқуының ақшасын төлеу секілді проблемалары көбейген адамдар қарыздан қалай құтыламын деп үнемі уайыммен жүреді. Миға түскен салмақтан жүйке шаршайды. Көпшіліктің қит етсе, ашуға жол беріп,

басынан сөз асырмай жанжалдаса кетуінің себебі осы. Ал ашу-ыза бар жерде мейірімнің болмайтыны бесенеден белгілі.

Жасырмаймыз, қазір адамдар қатыгез болып кетті. Әлеуметіні ашып қалсаңыз, баласын аяусыз ұрған ана, әкесін төпелеген бала, қыздардың төбелесі... тізе берсең таусылмайтын жаға ұстатар көріністерді көресіз. Қазіргі біздің бар «қамқорлығымыз» көңілсіз көріністерді сырттай бақылап, оқиға құрбанын әлеуметтік желілерге жүктеуден әрі аспай тұр. Бұл біздің мейірімділік пен адамгершілік, бауырмалдық секілді асыл қасиеттерімізді жоғалтып бара жатқанымыздың көрінісі. Әйтпесе, біз құлағанға – демеу, сүрінгенге – сүйеу болатын, жүрегі мейірімге толы халықтың ұрпағы едік?! Қазір сол мейірімге шөлдеп жүрміз.

ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қоғамдық көліктердегі бізге жетіспей жатқан басты нәрсе – мәдениет. Қазір қала көшелерінде заман талабына сай жаңа автобустар мен троллейбустар жүйткіп жүр. Қоғамдық көліктерде электрондық төлем жүйесі енгізілгелі жүргізушілер де бұрынғыдай «планға» емес, тұрақты жалақыға жұмыс істей бастады. Жолаушылар да өзіне ыңғайлы жағдай жасалған сайын жайлы болуға әдеттеніп қалды. Бірақ «таяқтың екі ұшы бар» деген. Кез келген шулы мәселеде біржақты қорытынды шығаруға болмас. Сондықтан жолаушылардың да көлік жүргізушілеріне деген айтар назы, өкпесі бар.

«Иә, түсінеміз, Алматыдай алып қалада қоғамдық көлік жүргізу оңай шаруа емес. Күніне неше түрлі адам мінеді, түрлі пікірлерді естиді. Барлығы демеймін, бірақ жүргізушілердің арасында ауыздарынан ақ ит кіріп, көк шығатын, дөрекі сөйлейтін, мәдениеті төмен жүргізушілер баршылық. Көлікке мінген жолаушыға өзінің баласындай айқайға салып, «төлендер, әйтпесе мінбейсің» деп дікендейтіндері қаншама! «Сыйға – сый, сыраға – бал» деген. «Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады» деген де бар. Бір-бірімізді сыйласақ, ешқандай дау да, дамай да болмайды» дейді Гүлдана Бағдатқызы есімді жолаушы.

Қорыта айтқанда, біз қай жерде болмасын, адамға жасалған жасалған жағдай мінез-құлыққа, оның әрекетіне тікелей әсер ететінін түсіндік. Енді бізге қоғамдық көлікте жүру мәдениеті ғана жетіспей тұр. Сондықтан бізге уақыт оздырмай ел болып, қоғамдық көлікте жүру тәртібінің этикетін қалыптастыру қажет. Осы кемшілікті түзеп, құқықтық сауаттылығымызды арттыратын болсақ, көлік жүргізуші мен жолаушы арасында ұрыс та, керіс те болмасы анық.



ӘЛЕУМЕТ

ҚОРҒАНСЫЗ ДЕП... ҚОРЛАМА!

ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨТЕУІ – ЖАЗА!

Қазақстан халқын тасқын сумен қатар дүрліктірген мәселе әйелдердің құқығы болды. Дүрлігуге себеп жеткілікті және салмақты! 15 сәуірде бүкіл Қазақстанды алаңдатқан мәселенің нүктесі ақыры қойылды. Депутаттар мақұлдаған әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заңдарға Мемлекет басшысы қол қойды.

Бұдан бұрын Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы және 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жазаны қатаңдатуды тапсырған болатын.

«Қазақстанда жылына 400-ге жуық әйел тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қаза табады», деген БҰҰ-на сілтеме жасалған мәлімет те еңсесін тіктей алмай, уайым басқан елді алаңдатып қойды. Әлеуметтік желіде бұл ақпаратқа шөк келтіріп, сенбей жатқан-

дар да бар. Беті аулақ, 400 болмай-ақ қойсын, тіпті 1 әйел болса да, мұның өзі қорқынышты статистика, әрі-беріден соң қылмыс! Біреудің бетінен қақпай, әлпештеп өсірген қызын тағдырын сеніп тапсырған азаматы өлтіру деген қаншалықты әділетті? Алланың алдында берілген аманатқа қиянат жасамау үшін қандай статистика қажет, бұл үшін қандай заң керек? Бірақ біз қағазға жазылған заңға әрең бағынатын қоғамда өмір сүріп жатқандықтан, осы құжаттың қабылдауына да Президенттің пәрмені керек болды. Негізі, бұл ар сотының, Хақтың сотының деңгейінде жазаланатын қылмыс!

ҚОҒАМ ДА КІНӘЛІ!

№25 троллейбуста бір қыздың әңгімесін естуге мәжбүр болдым. Басына орамал таққан жап-жас студент қыз. Телефонмен сөйлесіп тұр. Арғы жағындағы (менің түсінуімше) жігіті сияқты.

• *Универге бара жатырмын. Мен сізге айттым ғой, өткенде де айттым, өзіңіз мән бермедіңіз. Не болды сізге, үнемі осындайсыз? Азай бүгінгі жарысқа көмектескендерді жұмадағы сабақтан босатамын деді. Аудиторияда ешкім үндемеден соң, өзім келістім. Мен жалғыз емеспін, староста қыз да барады. Ол ма? Кәрі азай ғой, жасы 35-те. Универден шыққан соң сізге барайын ба? Неге олай дейсіз?*

Қыздың сөзінен ар жақтан қандай «допрос» болып жатқанын түсіндім, ашуым келіп не істесем екен деп ойланым отырғаныма, әлгі қыз аялдамадан түсіп қалды.

Есіме бірден студент кездегі бір оқиға түсті. Ол қызды қыз-жігіт болып жүрген кезде-ақ «сүйіктісі» сабайтын. Ақыры оңбады, таяққа шыдап келген қыз жүкті күйінде ажырасып тынды, бала жетім өсті.

Осындай қыздар қайдан шығады? Олар-

дың осындай «мо-йынсұнғыш», көшедегі көрінген жігітке бағынғыш болуына «аузыңды жап», «қыз басыңмен ұялмайсың ба?», «қақандап сөйлей берме!» «маған қарсы сөйлейтін сен кім едің?» «мені сен туып па едің?» деп тұқырта беретін шеше, үйіндегі ұрыстың қайтпаған кегін оқушыдан алатын кейбір шайпау апайлар, одан қалса «еректің алдына шықпа!» деп «тәрбиелейтін» псевдопсихологтар, «барған жеріңді бақытты қылам деп бар» деп ақыл айтқыш үлкендер, аузы-аузына жұқпай сұмаңдап, желіні жаулаған «тоқалист», «талакист» уағызшылар, жалпы алғанда тұтас қоғам кінәлі! «Қырық үйден тыйып» тәрбиеленген қызымызды қоғам болып қорғай да білейік!

ӨЗІҢЕ СЕН!

Қазір бәріміз марқұм Салтанатты аяп отырмыз. Бұл елге белгілі адамның әйелі болғандықтан бүкіл жұрт құлақтанған жағдай. Қазақстанның қай түкпірінде неше «Салтанаттың» өмірі өксіп, жылап жүргенінен бейхабармыз. Қыздардың абызгерге төзіп жүре беруінің бір себебі – жасықтық болса, тағы бір үлкен себебі – қаржылай тәуелді болу. Әке-шешесі «өлігің сол үйден шықсын» деп ұзатқан қыз төркініне қайтып бара алмайды, тіпті таяқ жеп жүргенін айтпауы да мүмкін. Ал төркінге айтпай, басқа жерге бас сауғалау үшін ақша керек. Көп қыз дипломын алмастан, тіпті оқымастан тұрмысқа шығып жатады. Оқымағасын, дипломы жоқ болғасын ол жұмысқа да тұра алмайды, сол себепті ақшасы жоқ қыз өзін «асырап» отырған тиран күйеуден

кете алмайды, сөйтіп жүргенде балалы болып үлгерсе жағдай тіпті қиындай түседі. «Итті қонақ жараспас» дегендей, туған қызын қорғамай отырған төркін жетектеп келген жиеннің басынан сипай қоюы екіталай.

«Қазақ қызын қадірлеген, төрден орын берген» деп сұңқылдағанда алдымызға жан салмаймыз. Сол аяулы қыздың болашақ өмірде қор болмауын ертерек ойлауымыз керек. Ол үшін білім беріп, өнер үйретіп, келешекте ешкімге алақан жаймауына жағдай жасауға тиіспіз.

Қалила ОМАРОВ, кинорежиссер:

ЖАҢА ЗАҢНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Күнделікті өмірде көріп жүргеніміздей, соңғы уақытта тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғалары жиілеп кетті. Өткенде бір заңгер елімізде жыл сайын 400-ден астам әйел отбасындағы жанжалдар, кикілжіңдер салдарынан қаза табатынын айтты.


Тұрмыстағы қиыншылық, ертеңгі күнге деген үміттің жоқтығы, жұмыссыздық түрлі сипаттағы зорлық-зомбылық оқиғаларының жиілеуіне себепкер болып отыр. Бір жағынан, бұл – туындаған мәселені сабырмен, мәдениетті түрде шеше алмаудың, түйткілді жағдайдан шығудың оңтайлы жолын таба алмаудың да салдары. Соның салдарынан тұрмыстық зорлық-зомбылық қазір қоғамдағы ең басты проблемалардың біріне айналды. Моральдық, этикалық құндылықтардың аяқасты болуы жас ұрпақ тәрбиесіне үлкен нұқсан келтірді.

Жастарға үлгі болуға тиісті ересек аза-

маттардың өзі әйелін, бала-шағасын соққыға жығып, отбасының шырқын бұзатын жағдайлар кездесіп жүр. Оны қойып, тіпті қарт кісілерге, ата-анасына қол көтеретіндер де көбейіп барады. Осындай оқиғалар жер-жерде болып жатқанымен, жәбірлеушінің қандай да бір қатаң жазаға тартылғанын естімейтінбіз. Өйткені, қанша жерден қиянат көрсе де, жәбірленушілер қазақы кең мінезбен кешіре салатын. Заң орындарына шағымданудың орнына, керісінше: «Бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» дегендей, жасырып-жауып, жұртқа білдірмеуге тырысатын. Ал қит етсе, күш көрсетіп, жү-

дырық жұмсап үйреніп қалған адамның ол әдетін қоюы екіталай. Сөйтіп, әлімжеттік жалғаса береді.

Осы тұрғыдан алғанда, Президенттің тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазаны күшейтетін Заңға қол қойғанын дұрыс деп есептеймін. Әйелдер құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бұл Заңның маңызы зор. Өйткені, бұл тараптағы барлық жағдай ендігі жерде қылмыстық жауапкершілік аясында қарастырылады. Сондай-ақ, бұдан былай жас балаларға зорлық көрсеткендер, зорлағандар өмір бойы бас бостандығынан айырылмақ. Педофильдерге бұрын мұндай ауыр жаза тағайындалмайтын. Жаңа Заңдағы бұл өзгеріс те уақытқа сай, өте дұрыс шешім болды деп ойлаймын.



Қазақстанда зорлық-зомбылықтың кесірінен жыл сайын 400-ге жуық әйел қайтыс болады, бірақ сотқа дейін бұл қылмыстық істердің 40 пайызы ғана жетеді.

Вашингтон университеті жанындағы Денсаулық жағдайының көрсеткіштерін бағалау институтының 2000–2018 жылдардағы деректері бойынша зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің үлесі 5,36 пайызды құрайтын 169 елдің ішінде Қазақстан 25-орында тұр.

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша өмір бойы өз серіктесі тарапынан физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің үлесі (18–49 жас аралығындағы 8016 әйел) 16,4%-ды (1312 әйел) құрайды.

2017–2021 жылдар аралығында Қазақстанда әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық азайған. Тіркелген жағдайлардың саны 2017 жылғы 119 608-ден 2021 жылы 61 464-ке дейін екі есе азайды.



ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

«Еліміздің ең үлкен байлығы – адам мен оның өмірі» деп басталатын Конституциясы бар мемлекеттіз. Кез келген қылмыстың көлемі мен ауырлығына қарай жазасы белгіленген. *Orda.kz* Қазақстанда әйелін өлтіргендердің қандай мерзімге сотталғаны туралы мәлімет жинапты.

2022 жылдың қазан айында Талғат Нұртаев өзінің бұрынғы әйелі, заңгер Айман Асанованы өлтірген. Ерлі-зайыптылар екі жыл бұрын ажырасқан, бірақ Алматыдағы пәтер мен басқа да ортақ мүліктерін бөлісе алмай, дауласып жүрген. Нұртаев бұрынғы әйелін үйдің жанында аңдып тұрып, 18 жерінен пышақтап, соның кесірінен Асанова ауруханада қайтыс болды.

Бір жылдан кейін Нұртаевты бұрынғы әйелін өлтіргені үшін кінәлі деп таныған сот оған 1,5 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады, бұл қоғамның ашуын тудырды. Негізінде, тергеу изоляторында үш ай отырғандықтан Нұртаев түрмеде бір жыл ғана өткізуі керек болған. Апелляциялық сот бұл үкімнің күшін жойып, Нұртаевтың ісін қайтадан соттың талқылауына жіберді. Соның нәтижесінде Нұртаев 11 жылға бас бостандығынан айырылды.

Сотталушы мен оның адвокаты Асанованы опасыздық жасады және бұрынғы күйеуінің мүлкін иеленгісі келді деп айыптады. Нұртаев әйелін «психикалық толқу» кезінде өлтіргенін айтып, кінәсін мойындаудан бас тартты.

2022 жылдың маусым айында Шымкенттің тұрғыны мұсылманша неке кию рәсімінен кейін азаматтық некедегі әйелін өлтіріп тастады. Марқұмның анасы «күйеу баласының» туыстары өзіне келіп, қылмыскерді кешіруді сұрағанын айтты. Оның айтуынша, бұл жігіт 2019 жылы басқа бір қызды ұрғаны үшін жазадан құтылып кеткен екен. Қылмыскер кісі өлтіруден екі ай өткен соң ғана қолға түсті. Дәрігерлер әйелдің иегі мен жағынан қатты ұрғандықтан оның бет-әлпеті өзгеріп кеткенін айтты. Әйел алған жарақаттарының кесірінен көз жұмған. Жасырынып қалған қылмыскерге халықаралық іздеу жарияланды.

2023 жылдың мамыр айында сот шымкенттікті денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіріп, соңы өлімге әкеп соқтырған қылмысы үшін кінәлі деп тоғыз жылға бас бостандығынан айырды. Сотталушы бәрібір кінәсін мойындаған жоқ.

2022 жылдың қыркүйегінде Қызылорданың тұрғыны өзінің туған күнін тойлап жатқан жұбайы Ажар Шадиеваға бірнеше жерден пышақ салған. Куәгерлердің айтуынша, ол әйелін арматурамен ұрған. Шадиева қайтыс болды, ал кісі өлтіруші ұсталды.

Шадиеваның туыстары қылмысқа жол берген 15 полицейді де қылмыстық жауапкершілікке тартуды талап етті. Олардың айтуынша, полиция қызметкерлері әйелін ұрып-соққаннан кейін де Шадиевтің қайтадан алып кетуіне рұқсат берген.

2023 жылы наурызда Қызылорда соты Шадиеваның күйеуін 12 жылға бас бостандығынан айырды, бірақ жәбірленуші отбасының адвокаты өмір бойғы жазаны талап еткен еді. Туыстары күйеуінің Шадиеваны үнемі ұрып-соғып жүргенін, бірақ әйелдің қорлық көрсетіп келгенін, бірақ әйелдің кетіп қалуға қорыққанын айтты.

Қабылбаев Перманованың ізіне түсіп, аңдып жүріп оны көлікке күштеп мінгізіп алған. Марқұм әйел бұл туралы үлкен қынжылына ғана хабарлап үлгерген, одан кейін байланысқа шықпай қалған. Сот Қабылбаевтың азаматтық некедегі әйелін бес жерден пышақтағанын, соның кесірінен көлікте қайтыс болғанын анықтады.

2023 жылдың қаңтарында Қабылбаев 11 жылға бас бостандығынан айырылды. Перманованың туыстары мұндай шешіммен келіспеді және қайта шағымданатынын айтты. Марқұмның туыстары кісі өлтіруші кем дегенде қатаң режимдегі түрмеде 15 жыл жазасын өтеуі керек еді деп санайды.

2023 жылғы мамырда Қарағанды облысы, Ботақара кентінің АХАТ ғимаратында ажырасу процесінен кейін бұрынғы ерлі-зайыптының арасында жанжал туындаған. Күйеуі пышақ алып, әйелінің денесіне сұққалаған, соның кесірінен бұрынғы әйелі ауруханада қайтыс болды.

Сот кісі өлтірушіні 14 жылға соттады. Қорғаушы тарап ер адамның кінәсін мойындағанын, өкініш білдіргенін және қылмыстық жауапкершілікке алғаш рет тартылғанын себеп етіп, жазаны сегіз жылға дейін қысқартуды сұрады.

Бұл ерлі-зайыптылар 30 жылдан астам бірге өмір сүрген. Күйеуі әйелі мен балаларын үнемі ұрып-соғатын. Ал бұрынғы жұбайын өлтіру себепі, ол ажырасқаннан кейін бұрынғы күйеуімен сөйлесуден бас тартқан.

Елеонора ЖАҢАБЕРГЕНҚЫЗЫ.

ҚҰҚЫҚ

Жоғарғы соттың әлеуметтік желідегі парақшаларында тікелей көрсетіліп жатқан атышулы қылмыстық істің онлайн-форматы әлемнің онға жуық еліне ұсынылды. Қазақстанның сот жүйесі, сот ісін жүргізу және судьялар мен прокуратураның міндеттері туралы ақпарат алып, соттың қалай өтетінін біліп қалдық. Қоғамда кеңінен талқыланып жатқан жағдайға қатысты бірнеше сұрақ ойға оралады.



ҚЫЛМЫС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАУ:

**САЛДАРЫ
ҚАНДАЙ?**



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?



Алмас ЖҰМАҒАЛИ,
заң ғылымының кандидаты,
заңгер:

ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ЕШКІМ ЖАЛТАРМАЙДЫ

Қарапайым халық қылмыс туралы қай кезде хабарлау керек екенін, жалпы қылмыс жасалғаны туралы хабарлаудың міндетін білмейді. ҚР Қылмыстық кодексінің 434-бабына сәйкес, қылмыс туралы хабарламау да қылмыс болып есептеледі. Бұл қылмыс үшін Кодекстің 15-бабында 16 жасқа толған, есі дұрыс адам жауаптылыққа тартылатыны жазылған. 16 жасар тұлға мектеп оқушысы екені, ал мектепте заңнан мүлде хабары жоқ адам құқықтан сабақ беретіні белгілі. Ал енді қандай қылмыстарды хабарламағаны үшін жауаптылық көзделгеніне келейік. Біріншісі ол – барлық аса ауыр қылмыс. Қазіргі замандастарымыз қандай қылмыс жеңіл, қайсысы ауыр, ал енді қайсысы аса ауыр екенін тағы білмейді. Бұл жерде тек түйсігіне сүйенсе, қандай қылмыстардың аса ауыр екенін ұғынуға болады. Бірақ ол да мектептен бастап оқытылуы керек еді.

Екіншісі – кәмелетке толмаған адамның жыныстық тиіспеушілігіне қарсы ауыр қылмыстар. Үшіншісі – дайындалып жатқаны анық белгілі терроризм актісі. Осылардың дайындалып жатқанын немесе жасалғанын анық білсе, біле тұра құқық қорғау органына хабарламаса, онда ол да қылмысқа жатады. Көшілеріне, туыстарына, достарына ғана хабарлағаны жармайды. Ал жазасы айыппұлдан басталып, алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға дейін барады. Сонымен қоса, бұл бапта қылмыстық жауаптылықтан босатылатын адамдардың да тізімі бар. Олар: қылмыс жасаған адамның жұбайы, жақын туысы, тәубе үстінде өздеріне сеніп, сырын ашқан адамдардың жасаған қылмыстары туралы хабарламаған діни қызметшілер.

Жеке тоқталып өтсек, қылмыс жасаған адамның жұбайы деген ол ресми түрде тіркелген зайыбы болуы керек. Мысалға, Денис Теннің өлімінде екі қарақшының бірінің азаматтық некедегі әйелі сотталды. Дегенмен, азаматтық неке ол – заңды неке емес екенін ескеруіміз керек. Одан бөлек, жақын туысы деп отырғанымыз біздің қазақы ұғымдағы туыс емес. Ол ет жақындары, туған бауырлары, туған ата-әжесі мен туған нағашы ата-әжесі болуға тиіс. Немере ағайындылар мен жасамайындар кірмейді. Үшінші, діни қызметшілерге қатысты әңгіме ол – христиан дініндегі тәубе үстінде сыр ашу рәсімі. Бір ескертін жәйт, осы айтылған тұлғалар мүлде сорақы қылмыстарды біле тұрып хабарламау керек екен дегенді білдірмейді, тек хабарламаса да жауапқа тартылмайды деген сөз. Былайша айтқанда, міндет жоқ. Хабарлаймын десе, ерік беріледі.

**ЗАҢ НЕНІ
МІНДЕТТЕЙДІ?**

Дайындалып жатқаны немесе жасалғаны анық белгілі кәмелетке толмаған адамның жыныстық тиіспеушілігіне қарсы ауыр қылмыс, аса ауыр қылмыс не дайындалып жатқаны анық белгілі терроризм актісі туралы хабарламау – алты мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.



ЕРҒАЛИ САҒАТ – 75

Күнтізбеге көз салсақ, биыл мерейтойларға толы жыл екен. Әттең-айы, бүгінде сол мерейтой иелерінің дені біздің арамызда жоқ. Қайығын қамдап, арғы бетке өтіп кеткені көп... Сол жайсаңдардың бірегейі – қазақ журналистикасы мен көсемсөзінің қарагері, белгілі қаламгер, журналист-публицист Ерғали Сағат ағамыз арамызда жүргенде, 75 жасқа толар еді.

Ерғали Сағат сонау 70-жылдары қазақтың көсемсөзіне өзіндік өзгеше үнімен, ырғақты қолтаңбасымен келген санаулы жүйріктердің бірі еді. Журналистиканың қазанында қайнап, Сейдахмет Бердіқұлов, Камал Смайылов, Зұлқарнай Сахиев, Шерхан Мұртаза сынды алыптармен қатарласып еңбек етті. «Лениншіл жас» газетінің бетіндегі әдебиет, адамгершілік, тәрбие және спорт, комсомол тұрмысы, насихат, шаруа жастар, студент және оқушы-жастар туралы материалдарды мазмұнын, тақырыбын сөйлетіп қана қоймай, ойнатып та жіберетін. Ұлттық журналистиканың туын биікке көтерген ту ұстаушысына айналды.

2020 жылдың мамырында жаны жайсаң, жомарт азаматтан тосыннан көз жазып қалдық. Дәл осынау кнн кезде тек қазақ халқы емес, бүкіл әлем індеттің құрсауында қалып, сұм ажал талай жақсымыздан айырды емес пе?! Журналистиканың мәтріне айналған асыл ағамыздың кенеттен көз жұмғанын естіп, қабырғамыз қайысып, талайға дейін есеңгіреп жүргеніміз есте қалыпты.

Сол кездегі астананың бет-бейнесі іспетті, жалғыз қалалық басылым «Алматы ақшамы» ұзақ жылдар басқарып, шаһардың қазақылануына да барын сала еңбек етті. Тақырып таңдауда, авторлар қауымын жұмылдыруда үлкен ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. Айтпақшы, Алматыда ана тіліндегі ұлттық мектептерді ашу үшін де Шона ағасымен бірге талай есіктің босағасын тоздырғаны елдің есінде. Осынау жылдарда тай-құлындай тебісіп, журналистиканың жүгін бірге көтерген танымал қаламгер Нұрлан Оразалин әріптесін былай деп еске алады.

– Ерғали «Лениншіл жас» газетінде марқұм Сейдахметтің, Сейдахмет Бердіқұловтың қасында жүріп, сол кездегі маңдайалды газетіміздің беделді өкілдерінің бірі болды. Сол кездің өзінде-ақ Ерғалидың жүрісі де, тұрысы да, азаматтық адамгершілік сипаты да ерекше болатын. Алысты жақынлатып, аразды табыстырып жүретін, кісілік келбеті жарасқан жігіт еді. Кейде өкшелес бауырым болғаннан кейін: «Ереке, сені өзі Алла әу баста келісті етіп жаратқан адамсың. Жүрісін де, тұрысын да, сөзін де қай жағынан болмасын келіп тұр. Бір елге елші болып барсаң, қолға түспейтіндерді кезіктіріп, келіспейтіндерді келістіріп жүретін Алла Тағала бойыңа ғажайып қасиет берген ғой деп» риза көңілді білдіретінмін. «Лениншіл жаста» ұзақ та, жемісті қызмет етті. Оның шығармаларын оқығанда, ел алдында сөйлеген сөзін тындағанда қатты сүйсінуші едік. Отының басында да, жолдас-жораларының ортасында да қадірі асқан, аса бір үлкен қасиеттің иесі болды. Артына өлмейтін сөз қалдырған, үні де, жүрісі де, тұрысы да ешкімге ұқсамайтын тұлғалы азаматтың қаламынан шыққан көсемсөзі қазақтың болашағына, ертеңіне қызмет етері анық.

Ерекең расында да қандай қызмет атқарса да, үні де, жүрісі де, тұрысы да ешкімге ұқсамайтын абзал азамат еді. Қандай биікке көтерілсе де, өзінің азаматтық ұстанымынан айнамай, адами қалпынан аумап өткен тұлғалардың бірегейі болды. Алаш қайраткерлері көтерген қазақ аты-жөнінен «ов» пен «ев»-ті алып тастау бастамасын алғашқылардың бірі болып жүзеге асырған да осы Ерғали Сағат болатын. Бүгінде оның «Ерғали Сағат» деген ныспысы сол күйінде тасқа басылып, тарих қойнауына мәңгі өшпестей болып енді.

Біз көбіне «Ұстаздан шәкірт озар» деп жатамыз. Әсілі, нағыз ұстаз «мен пәлен шәкірт тәрбиеледім» деп айтпаса керек. Есесіне, бағыт берген шәкірттерінің өздері онсыз да «осы кісі мені тәрбиелеп, жол көрсеткен еді. Менің ұстазым ғой» деп, ізет білдіріп жатады емес пе? Бұған «Шерханның шекпенінен», «Көпеннің күпісінен шықтық» деп жататын тәмсілдер дәлел болса керек. Ерғали Сағаттың қолдауы мен қамқорлығын талай сезінген рухани інісі Қайнар Олжай жақсы ағасы туралы еске алып, былай дейді:

– «Лениншіл жастың» әрбір сенбі күнгі нөміріне «Ақшам» атты арнайы бет шығатын. Бұл – басқа бөлімдердің мақалаларына мүлде ұқсамайтын тылсым әлем, жұмбақ жайттар, тосын құбылыстар, әйтеуір



ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЖҮЙРІГІ ЕДІ...

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Ерғали Сағат 1949 жылы Жамбыл облысы, Талас ауданындағы Ойық ауылында дүниеге келді. 1975 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің Журналистика факультетін бітірді. Осы жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жолдамасымен «Лениншіл жас» (бүгінде «Жас Алаш») газетіне жұмысқа орналасты. Осында әдеби қызметкерден бастап бас редактордың бірінші орынбасары қызметінде 18 жыл қызмет атқарды.

Ұзақ жыл «Алматы ақшамы» газетінің, сосын «Парасат» («Мәдениет және тұрмыс») журналының Бас редакторы болды. 1983 жылы «Жалын» баспасынан «Даладағы ұлы із» атты деректі повесі жарық көрді. Осы еңбегі үшін республикалық Баубек Бұлқышев атындағы сыйлыққа, 1988 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Ғимараттар биіктеп барады» публицистикалық кітабы үшін Журналистер одағының сыйлығына ие болды.

«Келелі келешек», «Дін биігіндегі ел», «Ай нұрын төккен қала», «Сайлау мен Татьяна» деректі публицистикалық және «Өмір-өсиет», «Ғасырдың бір жылы», «Жаны жайсаң Димекен», «Жан жылуы», «Қасиетті Қонаев» атты көркем прозалық кітаптары жарық көрді.

Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар одағының деректі проза кеңесінің, Алматы қалалық сайлау комиссиясының мүшесі болды.

бейтаныс тақырыптар беті. Қазірге дейін тақырып іздегенде, оны жазғанда сол «Ақшам» бетіне арнап жазғандай ерекше сезімде отырамыз. Өйткені, «Сезіммен жаз, сезініп жаз» дейтін еді Ераған. Қанша жыл өтсе де, Ерғали аға бойға құйған сол сезім әлі суыған жоқ. Кейін ағаның өзі қалалық «Алматы ақшамы» газетіне Бас редактор болып ауысты. Арада қырық жылдан астам уақыт өтсе де, сыйластығымыз үзілмей, үнемі сағынышып қауышатынбыз. Бүгінде арамыздан алыстап, келмеске кетсе де, көз алдымызда адалдықтың айнасы, тазалықтың тақтасы болып мәңгіге қалды! Журналистика саласында ұзақ жылдар жемісті еңбек етіп, талай жасқа жол көрсетіп, БАҚ-тың бағбаны болған Ерғали Сағаттың мына бір жазбасына көз сала отырайықшы. «Адам өзін-өзі тануы, өзін-өзі білуі қажет. Сондықтан жастардың осы деңгейге дейін көтеріліп, адам ретінде, маман ретінде қалыптасуына жағдай жасалуға тиіс. Сонда ғана адам өмірде өзіне қажетті игіліктерді өзі жасап, дегеніне жете алады. Жаңылыспасам, осындай ойды көне грек тарихшысы Ксенофонт та айтқан екен. Білім алушының саналы танымдық белсенділігі мен дербестілігінің

маңыздылығына Сократ та ерекше мән берінті. Өмірде дұрыс жолға түсіп, аңсаған арманына, көздеген мұратына жету үшін, адам өзіне қажет білімді өзі іздеп, өзінен табуы шарт екендігіне Платон да көз жеткізген көрінеді. Бірінші ұстаз Аристотель, Екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби өмір бойы білім іздеді: өз бетімен оқып, білімін өздігінен және өзі шыңдады. Әдебиетші де осы бағытта еңбек еткен, еңбек етуде, еңбек ете береді. Өздігінен оқып, білімін байытуды тоқтатқан күні оның өзі де әдебиетші ретінде тоқырауға тап болады. Сондықтан кісі өмір бойы оқуы керек, өзі оқып, өміріне қажет білімді өзі іздеп табуы шарт. Мұным дұрыс па өзі?», – деген екен.

Сымдай тартылған тұлғасы, көрікті келбеті, мұнтаздай киім киісі, салмақты сөзі, саликалы ойы, сабырлы мінезі, бекзат болмысына қарай Ерғали Сағатты білетіндер «Журналистиканың ақсүйегі», «Қазақтың французы» немесе «Қазақтың немісі» деп те атайтын еді. Ол кісінің ренжігені де бір әдемі болатын. Ең ауыр сөзі «тұқымын өскірлері» де жылы желдей есетін еді. Асыл азамат жайында әлі талай естелік айтылып, тарихтың толғанары анық. Көсемсөздің көсегесін көгерткен азамат туралы жазылар жайдың басы да, соңы да бұл болмасы анық...

Осындайда «Орнында бар оңалар» дейді халық даналығы. Арда азамат жұбайы Ұлбан екеуі алтын асықтай үш ұлды өмірге әкеліп, тағлымды тәрбие берді. Немере сүйіп, ата атанды. Мамандығына деген махаббатына да адал болды. Өмірінің соңына дейін қолынан қаламы түскен жоқ. Ертеде бабаларымыз «Адам бойындағы күллі қасиет – күннің нұры мен аңаның сүтінен» десе, аяулы анасын үнемі есіне алып отыратын азаматтың мына бір сөзі менің де есімде сақталып қалыпты. «Әулетімізде қыз бала болмағандықтан да шығар, анам қыздарды ерекше құрмет тұтушы еді. «Ең құрымаса сенің отбасыңда қыз баланың аты аталып жүрсінші» деп үлкен ұлымның есімін Іңкәр қойды», – деуші еді Ерекең. Бүгінде Ерғали Сағаттың үлкен ұлы Іңкәр – медицина ғылымының докторы, кәсіпкер, ортаншы ұлы Абзал да кәсіпкерлікпен айналысады. Кенже ұлы Асыл заңгерлікті таңдап, осы салада жемісті еңбек етіп жүр.



Рая ЕСКЕНДІП.

МАМАН КЕҢЕСІ

КӨКЖӨТЕЛ

жүкті әйелге де, құрсағындағы шаранаға да қауіпті

Кейінгі кездері елімізде көкжөтел жиі тіркелуде. Бұл жүкті әйелдер мен олардың құрсағындағы шаранаға да теріс әсер етуі мүмкін тыныс алу жолдарының ауруы. №2 қалалық перинаталдық орталығының акушер-гинекологі Елена Соколова оның қауіпі мен салдарын түсіну маңызды дейді.

«Аяғы ауыр әйелдер үшін көкжөтел жүктілік кезінде олардың денесінде болатын өзгерістерге байланысты ерекше қауіп төндіруі мүмкін. Жүкті әйелдің иммундық жүйесі әлсіреуі ықтимал, соның салдарынан азғасы инфекцияларға, соның

ішінде көкжөтелге төтеп бере алуы қиындамақ. Ауру пневмония, құрысулар немесе тіпті өлім сияқты ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін», – дейді Е.Соколова.

Дегенмен, көкжөтелдің балаға теріс әсер етуі мүмкін екендігі ең үлкен алаңдаушылық тудырады. Инфекция анадан балаға плацента арқылы берілуі мүмкін. Бұл әлі жарық дүниесігін ашпаған нәресте үшін түрлі асқынуларға әкелмек. Көкжөтелдің ауыр жағдайларында жүкті әйел мерзімінен бұрын босанып қалуы, плацентаның жеткіліксіздігіне, жатыршілік дамудың кешігуіне әкеліп соқтыруы, тіпті бала шетінеп кетуі де ықтимал. Даму ақаулары тумаған балада да, туған нәрестеде де кездесуі мүмкін.

Жүктілік кезіндегі көкжөтелдің ең қауіпті салдары ерте кезеңдерде (12 аптаға дейін) болады. Сондықтан аяғы ауыр әйелдер көкжөтелден қорғану үшін сақтық іс-шараларына мұқият құлақ асқаны абзал дейді дәрігер.

● **Көкжөтел туа біткен кереңдікке немесе катарактаға; орталық жүйке жүйесінің зақымдалуына; жүрек, несеп-жыныс жүйесі және асқазан-ішек жолдарының ақауларына әкеп соқтырмақ.**



● **КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК**

АЯҚТЫ 10 СМ-ГЕ ҰЗАРТТЫ

Енді пациент тең басып жүре алады

Жамбас сүйегі қатты ауыратын, бір аяғының едәуір қысқалығынан да кейінгі үш жылда өздігінен жүре алмай қалған науқас Алматыдағы Орталық қалалық клиникалық ауруханаға түскен.

Дәрігерлер кеңесе келе, аяқ буынын ұзарту және жамбас буындарына эндопротездеу отасын жасау туралы шешім қабылдаған. Техникалық жағынан күрделі отаны ОҚКА-ның травматолог-дәрігері Дәулет Чуқманов жасады.

– Біз қажет көлемдегі эндопротезді алдық және жамбас буынының анатомиясын қалпына келтіру үшін оны имплантацияладық. Ота барысында науқастың жамбас буыны зақымданғанын байқадық. Аяғын 10 сантиметрге дейін ұзарттық. Операция сәтті аяқталды. Отадан кейін ол физиотерапия, емдік жаттығу және оңалту курстарынан өтті, – дейді Дәулет Чуқманов.

Яғни күрделі ота науқастың екі аяғын теңестіруге, тең басып жүруіне көмектесті. Маманның сөзіне сүйенсек, аяқ сүйектерін ұзарту мен жамбас буындарын эндопротездеу осындай күрделі диагноз қойылған науқастар үшін ең тиімді емдеу әдісі саналады.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

«СӘЛЕМЕТСІЗ БЕ?!»

Алматылықтарға енді жасанды интеллект қоңырау шалатын болады

Елімізде алғаш рет Алматы қаласының №3 қалалық емханасында инновациялық шешім – жасанды интеллект генерациясы бар дауыстық роботтар пайдаланыла бастады. Оны әзірлеушілер – BP CONTACT компаниясы. Бұл жобаның басты жаңалығы – дауыстық робот жүйесі нақты уақыт режимінде жауаптарды дәлірек таңдау үшін жасанды интеллекті қолданылады.

Қазіргі уақытта емхана халықты кәсіби тексерулер мен скринингке шақыру мақсатында тұрғындарға қоңырау шалу үшін «Дауыстық роботтарды» енгізді. Шақыру процесін автоматтандыру медицина қызметкерлері үшін жүктемені азайтады, олардың пациенттермен сапалы жұмыс істеуге уақыт бөлуіне жол ашады және емхана жұмысының тиімділігін арттырады.

Мысалы, күніне орта есеппен 1 медбике шамамен 10–15 қоңырау шалады, бірақ оның оң конверсиясы төмен. Өйткені, қоңырау аналитикасы мен сөйлесудің аудиожазбасы жүргізілмейді. Алайда, дауыстық робот бір күнде 40%-дан астам оң конверсиямен 300-ден астам адамға қоңырау шала алады.

Жасанды интеллектінің, яғни роботтың көмегімен бес күн ішінде кәсіби тексерулер мен скринингке шақыру үшін 500 қоңырау шалынған. Олардың ішінде 267 тұрғын скринингтен өтуге келіскен. Телефон тұтқасын көтермеген жағдайда робот оң жауап алғанға дейін немесе дәлелді себепін айтқанша бірнеше мәрте қоңырау шалады. Робот шаршамайды, қателеспейді және ешкімді назарынан тыс қалдырмайды.

«Адам тәрізді робот қазақша және орысша, сыпайы да кәсіби диалог жүргізеді. Ол қоңырау шалған кезде пациенттің қай тілде жауап бергенін де талдайды және сол тілде сөйлеуді жалғастырады. Егер тұрғын әңгімені орыс тілінде бастап, сөз ортасында диалогты қазақша жалғастырса, робот та автоматты түрде қазақ тілінде сөйлеп ала жөнеледі. Жасанды интеллектісі бар дауыстық роботтар біздің емхананың жұмысында өзінің тиімділігін дәлелдеді. Сондықтан болашақта нейрожүйе халықты профилактикалық егулерге, флюорографияға шақыру үшін, сондай-ақ келіп түскен жедел медициналық жәрдем активтері бойынша пациенттерге қоңырау шалу, қызмет көрсетудің сапасы мен уақытын бағалау және сақтандырылмаған пациенттермен міндетті медициналық көмек мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін енгізілетін болады», – деді Айзат Молдагасимова.

CHECK-UP

Алматыда Ұлы Жеңістің 79 жылдығына орай, 15 мамырға дейін жалғасатын айлық басталды. Дәлірек айтсақ, қала дәрігерлері Отан қорғаушылар күні айлығы аясында ҰОС ардагерлері үшін check-up (чек-ап) өткізеді.



ДӘРІГЕРЛЕР АРДАГЕРЛЕРГЕ ӨЗДЕРІ БАРАДЫ



Барлық ҰОС ардагері және оларға теңестірілген жандардың денсаулығын назарға алып, оларды барлық зертханалық тексеруден өткізеді. Қажет болған жағдайда мамандандырылған ауруханаларда емделуге, оңалтуға, атап айтқанда, компьютерлік томография, МРТ, УДЗ, электрокардиография сияқты қымбат тексерулерге жолдама беріледі. Сондай-ақ, пациенттермен психологтар және әлеуметтік қызметкерлер жұмыс істейді. Сонымен қатар, қарттарға дәрі-дәрмектер үйге жеткізіліп беріледі.

Жүріп-тұруы қиын науқастарға ыңғайлы болу үшін көпбейінді бригадалардың үй жағдайында медициналық қызмет көрсетуі қарастырылған. Жоғары технологиялық жабдықты пайдалана отырып, тереңдетілген тексеру қажет болса, ардагерлер тиісті медициналық ұйымдарға жеткізіледі.

Науқанды жүйелі өткізу үшін әр емхана ардагерлерге бару кестесін әзірледі. Оның үстіне науқан аясында медицина қызметкерлері ардагерлерді құттықтап, оларға жылулық пен қамқорлық көрсету мақсатында азық-түлік себетін табыстайды.

Бүгінде Алматыда 43 ҰОС ардагері мен оларға теңестірілген азамат тұрады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ЕСІРТКІГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

ӨТІРІК

ӨМІРІҢДІ
ӨКСІТЕДІНашақор жасөспірімді емдеп, қатарға қосуда
отбасы да үлкен рөл атқарады

Қазір қоғамды жасөспірімдердің есірткіге елітуі, олардың санының көбейіп бара жатқаны да алаңдатып отыр. Бүгін алдын алмасақ, ертең кеш болып қалуы мүмкін. Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте осы тақырып қозғалды.

Мамандар баланың тұйықтала бастауына, оқшаулануға бейім тұруына және әдеттегі болмысына ұқсамай, өзгеруіне назар аудару керектігін баса айтып отыр. Себебі, ол есірткі тұтынып жүрген болуы ықтимал. Дегенмен, бұл күдікке көз жеткізу үшін алдымен медициналық мекемелерге жүгіну қажет.

Кез келген бала отбасылық әл-ауқатына, оқитын сыныбына, жүрген ортасына қарамастан, «есірткіні қолданып көрсенші» деген азғыруға ұшырауы мүмкін. Өрі «нең кетеді, дәмін татқын» деген ұсыныс кез келген жерде және кез келген адамнан жасалуы да ғажап емес.

– Көптеген адам есірткіге тәуелділігін ашық мойындаудан, сөзге ілігуден қорқады. Сондай-ақ, олардың көбі емделу және оңалту ресурстары мен қызметтері туралы хабарсыз болып келеді. Оған қоса, отбасынан, достарынан немесе жалпы қоғамнан қолдау таба алмайтыны тағы бар. Ал бұл қалпына келтіру процесін одан әрі қиындата түседі. Тіпті, көп жағдайда баланың ата-анасы немесе туыстары мамандардың көмегіне жүгінуден ұялады. Сөйтіп, сырт көзден қашып жүргенде бала есірткіге тәуелді болып алып, асқынып кеткенде, нағыз қиындық сол кезде туындайды. Яғни оны күштеп емдеуге әрекет жасау қажеттігі туындайды. Сайып келгенде, мұның бәрі жеткіліксіз ақпараттан-дырылудың салдары, – дейді «Наркостоп» жобасының жетекшісі Нұржан Жақыпов.

Осы орайда, «Наркостоп» фронт-офисінің қызметкерлері нендей жұмыстар атқаратынын тілге тиек ете кетейік. Есірткінің зияны, салдары және алдын алу әдістері туралы ақпараттық брошюралар әзірлеп, жастар көп шоғырланған ортаға таратады. Оқу орындарында дәрістер мен семинарлар ұйымдастырады. Мамандармен нашақорлық туралы және алдын алу мәселелері бойынша кеңестер беру кездесулерін ұйымдастырады. Қиын жағдайға тап болған отбасылар үшін жеке консультациялар да, топтық сабақтар да өтеді. Күйзеліске түскен жағдайда өз-өзіңді басқара білу жолдарын да үйретеді. Яғни жастарға және басқа да мақсатты топтарға тренингтер мен оқыту бағдарламалары ұйымдастырылады. Фронт-офис өкілдері әкімдікпен де, ювеналды полиция, ішкі істер басқармаларымен де, мектеп, колледж, университеттермен де тығыз байланыс орнатқан. Осылай бірлескен, ұйымдасқан жұмыс қана нәтиже беретіні сөзсіз. Есірткіге тәуелді жандарға арналған оңалту бағдарламасы да тиімділігін дәлелдеген. Оңалту орталықтарынан шыққан адамдарды қоғамға, ортаға қайта қосуды көздейтін іс-шаралар кешенінің пайдасы да аз емес.

Кәметке толмаған нашақор жасөспірімді емдеуде отбасы үлкен рөл атқарады. Сондықтан туыстарының емдеу процесіне міндетті түрде қосылғаны абзал. Қажет болса, жеткіншекке дәрі-дәрмектер тағайындалуы мүмкін. Емдеудің негізгі курсы аяқтанған кейін жасөспірімдер мамандардың тұрақты кеңестері мен психологиялық қолдауына ие болады.

Брифинг барысында Алматы қаласы Психикалық денсаулық орталығының оңалту қызметінің басшысы Роза Татиева да

сөз алып, нашақорлықтан қалай емделуге және ауруды қалай жеңуге болатынын айтты. Аталған орталық – пациенттер үшін емдеудің барлық түрі қолжетімді мемлекеттік медициналық мекеме.

Орталыққа алкоголизмнің, нашақорлықтың шегіне жеткен жандарды мәжбүрлеп емдеу құзыреті де берілген. Олай жасамасақ шара жоқ. Есірткіге тәуелді болып алған

немесе ішімдікке салынып кеткен адам отбасы мүшелерінің өміріне де қауіп төндіретін жағдайлар орын алып жатады. Яғни сау туыстарының өзі моральдық және физикалық қысымға ұшырайды.

«Мәжбүрлеп емдеу барысында пациенттер дәрігерлердің бақылауында болады, психологтармен және психотерапевттермен жеке және топтық сабақтар өткізіледі. Пациенттер мінез-құлқыты, көңіл күйі реттейтін дәрі-дәрмектер қабылдайды. Олармен де, туыстарымен де диалог орнатылады. Нәтиже жаман емес», – дейді Роза Татиева.

Былтыр Алматы қаласы Психикалық денсаулық орталығына мәжбүрлеп емдеуге сот шешімімен 249 пациент жатқызылған. Оның 180-і «алкоголизм», ал 69-ы «нашақор» диагнозымен есепке алынған.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Галия НАЗХАНОВА,
психолог-аддиктолог, әлеуметтік ғылымдар магистрі:

ҮРЕЙГЕ БОЙ АЛДЫРМАҢЫЗ!

Көз алдымызда жүрген баланың есірткіге есін бере бастағанын көп белгіден білуге болады. Мәселен, терісінің бозаруы немесе қызаруы; көз қарашығының үлкеюі немесе кішіреюі, қызаруы немесе тұмандануы; сөздерінің байланыспауы, ақырын немесе тез сөйлеуі; тәбетінің төмендеуі, салмақ жоғалту немесе шамадан тыс тамақтануы; созылмалы жөтел; шайқалып немесе сүрініп жүруі; қан қысымының күрт көтерілуі; асқазан-ішек жолдарының бұзылуы, міне, осы белгілерден-ақ дереу дабыл қағу керек. Айналасына немқұрайды қарауы, есте сақтау қабілеті мен зейінінің нашарлауы; үйден кетіп қалуы, түсініксіз себептермен мектепке бармауы немесе сабаққа кеттім деп үйден ертерек шығып кетіп, кешігіп келуі, бірақ қайда болғанын айтпауы; үлгерімінің төмендеуі; дөрекі сөйлесе бастауы және әңгімені тез аяқтауға тырысуы; ұйқысыздық немесе ұйқыға бой алдыру; сынды көтере алмай шыртып ете қалу, ашуланишақтық; жақын адамдармен араласуға құлықсыз болу; үнемі ақша сұрау; үйден құнды заттардың жоғалуы; қисынсыз өтіріктер айту – осының бәрін назардан тыс қалдырмаған абзал. Егер балам есірткі қолданады екен деп күдіктенсеңіз, үрейге бой алдырмаңыз. Шамадан тыс күдік тудырмай, оны мұқият бақылаңыз. Өзіне әр қадамын қадағалап жүргеніңізді де айтып қойыңыз, бірақ оған дауыс көтеріп, кінә артпаңыз. Дерек мамандарға жүгінген дұрыс.

ТҮЙІН:

«Наркостоп» фронт-офисі орналасқан мекенжай: Қабанбай батыр көшесі, 139. Телефоны: 8 747 461 67 01.

Ал Алматы қаласы Психикалық денсаулық орталығының телефон желісі – 3580. Отбасыңызда тығырыққа тіреген жағдай орын алса, хабарласыңыз. Сізге мамандар көмекке келеді.

Тақырыпқа орай айта кетсек, елімізде есірткі қылмысы үшін қылмыстық жауапкершілік 16 жастан, ал есірткі сатқаны үшін 14 жастан басталады.

ӘЛЕУМЕТ

«ЖАҚЫНЫҢА
ЖӘРДЕМ БЕР!»

Тегін бояу алып, мүгедек жандардың, қарттардың үйін сырлап беру акциясына қатысыңыз!

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «Жақыныңа жәрдем бер» акциясын бастады.

Бастама ҰОС ардагерлері, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандар тұратын жеке тұрғын үйлердің қоршауы мен үй маңындағы аумақтың эстетикалық күтімін жақсартуға бағытталған.

Бұл аумақтарда қоршауды, қақпаны сырлау, іргелес аумақты қоқыстан тазарту және осы сияқты т.б. жұмыстар жүргізу қажет.

Іс-шараға қаланың барлық тұрғыны қатыса алады. Қатысушыларға қоршауды, қақпаны сырлауға арналған бояулар мен еріткіштер тегін (бір адамға 2 келіге дейін бояу) беріледі. Ол үшін аудандық абағандыру бөлімінің жауапты тұлғаларына жүгіну қажет. Науқанға қатысу үшін алдын ала тіркелудің қажеті жоқ.

Наурызбай ауданының оқушылары «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында мүгедек жандар мен жалғыздікті зейнеткерлерге үйлерінің аумағын тазалауға көмектесті. Сонымен қатар, олар өз күшімен қоршауды қалпына келтіруге, қақпаны бояуға, бақтар мен аулаларды тазартуға жәрдемдесті.

Жақсы істен шет қалмайық, ағайын! Өктеп-сырлайтын тегін бояуды мына телефон нөмірлеріне хабарласып алуыңызға болады. Сондай-ақ, осы нөмірлер арқылы көмекке мұқтаж адамдардың тізімін нақтылай аласыз.

- Алатау ауданы бойынша:
8 708 502 03 68;
- Алмалы ауданы:
8 775 888 77 55;
- Әуезов ауданы:
8 707 008 09 13;
- Бостандық ауданы:
8 777 684 99 44;
- Жетісу ауданы:
8 747 772 74 78;
- Медеу ауданы:
8 778 111 55 44;
- Наурызбай ауданы:
8 707 300 03 55;
- Түркісіб ауданы:
8 747 139 93 60.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

КЕНЕДЕН ДЕ ҚАУІП БАР

Табиғатқа шыққанда қалай киіну керек?

Алматы маңы кене инфекцияларының тасымалдаушысы болып табылатын иксод кенелері таралған эндемиялық аймаққа жатады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мамандары мәлімдеді. Сондықтан тұрғындарды құлақтандырып отыру және олардың аمانдығы үшін қауіпті аймақтарды дәрілеу маңызды.



(Сурет: ашық дереккөзден)

● КЕРЕК ДЕРЕК

Кене аса кішкентай жәндік болғанымен, шағып алған жері адам ағзасын бүлдіреді, яғни бірнеше жұқпалы ауруларға жол ашып береді.

Сондықтан тауға шыққанда, орманға, қала маңындағы демалыс аумақтарына барғанда кене шағып алмас үшін:

- жеңі ұзын, бір түсті киім кию керек (кене бірден көріну үшін);
- Шалбардың балағын шұлыққа салып алған дұрыс;
- Басқа орамал, қалпақ кию қажет;
- Репелленттер (кенелерді «үркітетін» зат) алып жүріңіз;
- Үйге оралғаннан кейін киімдерді, денені және заттарды мұқият тексеру керек.

«Эпидемиялық маусымның басынан бері кене шағып алған 135 адам жүгінген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 25,8%-ға төмен. Кене шаққан 14 жасқа дейінгі балалардың үлес салмағы 62,2% (84 бала). Бұл былтырғымен салыстырғанда, 7,3%-ға жоғары. Барлығына шұғыл медициналық көмек көрсетілді, көрсеткіштер бойынша кенеге қарсы иммуноглобулин енгізілді», – деді Алмаш Ахметова.

Инфекциялық және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық бақылау бөлімінің бас маманы Бибігүл Нұрғалиеваның айтуынша, кене энцефалитінің алдын алудың негізгі іс-шарасы вакцина алу. Табиғи жағдайларда жұмыс істейтін эндемиялық аймақтарда тұратын халық; демалыс, туризм мақсатында кене белсенділігі маусымында эндемиялық аудандарға баруды жоспарлайтын адамдар кене энцефалитіне қарсы профилактикалық екпе алуға тиіс.

«Қалада 11287 доза мөлшерінде «ТикоВак» вакцинасы бар. Ол 16 жастан асқан адамдарға кене энцефалитіне қарсы белсенді иммундау үшін арналған. Вакцинацияның бастапқы курсы үш дозадан тұрады. Иммунитетті қалыптастыру үшін бірінші және екінші дозаларды 1 айдан 3 айға дейінгі аралықпен қыс айларында (көктемде пайда болатын кенелер бас көтергенге дейін) алған жөн», – деді маман.

Ал үшінші дозаны екінші дозаны алғаннан кейін 5–12 айдан кейін салғызу керек. Ревакцина үшінші дозаны енгізгеннен кейін 3 жылдан соң жүргізіледі. 60 жастан кіші адамдарға одан әрі ревакциналау 5 жылдан кейін, ал 60 жастан асқан адамдарға 3 жылдан кейін жүргізіледі.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

«Быылғы эпидемиологиялық маусымда аумағы 1904,924 га болатын 9 орман алқабы, 461,636 га 100 саябақ пен скверлер өңделеді», – деді Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті инфекциялық және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық бақылау бөлімінің басшысы Алмаш Ахметова.

Сондай-ақ, қалада жылдағыдай иксод кенелеріне эпизоотологиялық мониторинг жүргізіледі. Медициналық ұйымдарға кене шақты деп келген тұрғындардың шағымы бойынша да мониторинг жасалып отырады.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Адамдардың 90 пайызының бетінде олардың өміріне ешқандай әсер етпейтін кенелер бар. Дегенмен, кейде олар қышуды, тітіркенуді, сонымен қатар, демодикозды тудыруы мүмкін. Бұл туралы Н.И.Пирогов атындағы РНИМУ филиалының дерматовенерологі Анастасия Зубованың тұжырымдарын ұсынамыз.

Демодекс деп аталатын кішкентай кенелер шаш фолликуласында болуы мүмкін дейді. Адамдарда олар бетте, әсіресе маңдайда, мұрынның жанында, кірпіктерде құлақтың сыртында кездеседі. Бұл демодекозды тудыруы мүмкін.

«Demodex кенесі адамдардың 90 пайызында кездеседі және бет терісінің қалыпты микробтық биоценозының бөлігі болып табылады», – деп түсіндірді Зубова «Известия» басылымына берген сұхбатында.

Оның айтуынша, мұндай кенелердің екі түрі бар: Demodex folliculorum және Demodex brevis. Біріншілері көбінесе қас пен кірпікте, сирек жағдайда – денеде немесе баста болады. Екіншісі негізінен бет терісінің май бездерінде кездеседі, бірақ олар арқада, мойын, кеудеде де кездеседі.

Дәрігер биоценоз бұзылған жағдайда кене белсенді түрде көбейе бастауы мүмкін, мысалы, әртүрлі тері ауруларынан кейін немесе жергілікті гормоналды жақпа қолданғаннан кейін. Бұған ағза жүйесінің жұмысындағы бұзылулар да әсер етеді: эндокриндік, жүйке немесе тамырдағы ақаулар. Метаболикалық процестердің патологиясы, асқазан-ішек жолдарының аурулары да маңызды.

Диагноз қою үшін дерматовенерологпен кеңесу керек. Ол мұны анамнез немесе тері қырындысындағы кенені анықтау негізінде жасайды. Демодекс анықталып жатса, ол медициналық көмек көрсетуді қажет етпейді,



(Сурет: ашық дереккөзден)

● КЕРЕК КЕҢЕС

● Дәрігер биоценоз бұзылған жағдайда кене белсенді түрде көбейе бастауы мүмкін. Мысалы, әртүрлі тері ауруларынан кейін немесе жергілікті гормоналды жақпа қолданғаннан кейін. Бұған ағза жүйесінің жұмысындағы бұзылулар да әсер етеді: эндокриндік, жүйке немесе тамырдағы ақаулар. Метаболикалық процестердің патологиясы, асқазан-ішек жолдарының аурулары да маңызды.

деп нақтылады Зубова. Яғни, оның ауруларға қалай әсер ететінін анықтау маңызды. Сондықтан терапия диагнозға байланысты болады. Алдын алу шарасы ретінде дәрігер жұмсақ сусабын қолдануды және бетіңізді күніне екі рет жұмсақ тазартқышпен жууды ұсынды. Дәрігердің айтуынша, асқазан-ішек жолдарының жұмысы, гормоналды жүйе және адам өмірі үшін басқа да маңызды факторлар диетаға байланысты. Бұл тізімге тіпті көңіл күй де кіреді.

Ең алдымен, маман ақуызды тұтынуды

елемеуге болмайтынын айтты. Бұл зат тоқтық пен пайдалы калорияларды береді, олар іштің қатпарларына айнамайды.

Сондай-ақ, майдың тұтынылуын бақылау қажет. Олар адамның энергиясының тасып жүруіне, ал ағза жүйелерінің дұрыс жұмысына көмектеседі. Жасуық талшықтары туралы ұмытпаңыз. Ол көкөністерде кездеседі, олар сонымен қатар ішек микрофлорасының жұмысын реттейді.

Әспет ДУЛАТБЕКОВА.

● АКЦИЯ

«ТАЗА БОЛСА ТАБИҒАТ, АМАН БОЛАР АДАМЗАТ»

атты тазалық іс-шарасы өтті



Ернұр
РЫСБАЙ

Алматы қаласы Әуезов ауданының мектептері қала тазалығына атсалысуда. «Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясы аясында №104 жалпы білім беретін мектеп пен №202 мектеп-гимназиясында табиғатты қорғау шарасы өтті.

Тазалық акциясына 600-ге жуық мектеп оқушылары белсене қатысты. Мектеп ауласы қоқыстан тазартылды. Оқушылар ағаш көшеттері мен гүлдер отырғызып, жасыл желектерді зиянкестерден қорғау үшін түптерін өктенді. Егілген ағаштарды суғаруды да ұмытпады. Табиғатқа деген махаббаттары артқан оқушылар айналасын енді ластамайтындарын айта кетті.

– Біздің негізгі мақсатымыз – елімізге саналы әрі тәрбиелі ұрпақ өсіру. Осы орайда, бұл шараны оқушылардың экологиялық және тазалық мәдениетін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырдық. «Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясы аясында білім ордамызда әртүрлі шаралар өткізілуде. Оқушылар мектебіміздің айналасын көркейтуге өз үлестерін қосуда. Бұл, әрине, қуантарлық жағдай. Себебі, келешек ұрпағымыз табиғатын сүйетін азамат болып қалыптасуда. Қазір оқушылардың арасында арнайы эко-сақшылар да бар. Олар мектептің іші мен сыртындағы тазалыққа жауап береді. Мұндай шаралар олардың қоршаған ортаға деген махаббатын арттырады сөзсіз, – деді №104 жалпы білім беретін мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Майгүл Оразқынова.

– Барлығымыз білетін біздің қоғамда тазалық мәдениеті төмен деңгейде. Бұл акция басталғалы байқағанымыз, барлық қала тұрғындары табиғатты аялауға жүйелі түрде жұмыс жасауда. Мұндай жақсы шаралар бір ай ғана емес, жиі болып тұрса дейміз. Мақсат – балаларды мектеп қабырғасынан тазалыққа, табиғатты қорғауға үйрету. Осы орайда, әр аптаның бейсенбі күнін тазалыққа арнадық. Ол күні оқушылар өз сыныптарын, мектептің айналасына тазалық жұмыстарын жүргізеді. Осылайша балалар бұл істің қаншалықты маңызды екенін түсінеді. Бүгінгі шаарада мектеп түлектері мен жоғары сынып оқушылары ағаштар отырғызды. Кейбір балалар өздері гүлдер әкеліп отырғызды. Бұл біздің дұрыс бағытта жұмыс жасап жатқанымызды көрсетсе керек. Балалар бірден болмаса да, уақыт өте келе тазалық мәдениетін бойларына сіңіретініне сенімдіміз, – дейді №202 мектеп-гимназия директоры Болат Жанайханұлы.

Тазалық мәдениетін қалыптастыруға арналған шараға мұғалімдер мен оқушылардан бөлек, ата-аналар да қатысты. Олар балаларға ағаш пен гүлді қалай дұрыс отырғызуды технологияларын үйретті. Рита Бакирова есімді тұрғынның айтуынша, мұндай іс-шаралар баланың еліне деген сүйіспеншілігін арттырады. Қоршаған ортасын ластамауға, таза ұстауға тәрбиелейді. Біз балаларға үлгі көрсетсек, олар да біздің істегенімізді жасайды. Сондықтан бұл оқушылардың ғана жұмысы емес, барлық қала тұрғыны атсалысатын акция. №104 жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушысы Сымбат Маратқызы айналасының таза болғанын ұнатады екен.

– Жалпы, мұндай іс-шаралар мектебімізде жиі өткізіліп тұрады. Өз басым тазалықты жақсы көремін. Сондықтан мектеп айналасының да таза болып тұрғанын қалаймын. Бір қуанатыным, біздің артымыздан ерген кіші сынып оқушылары да бір үйдің баласындай жұмыс жасайды. Біз оларға үлгі болғанымызға қатты қуаныштымыз, – дейді мектеп президенті Сымбат Маратқызы.



БЕССАЙЫС

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІҢ
ЖЕҢІСІ

Алматылық
бессайысшылар
Азия чемпиона-
тында күміс
медаль жеңіп
алды.

Қазіргі бессайыстан Қазақстан құрамасы Хвасонда (Оңтүстік Корея) өткен Азия чемпионатында сәтті өнер көрсетті. Құрлық біріншілігінде MIX эстафеталық дисциплина бойынша Темірлан Әбдірайымов пен Людмила Яковлева күміс медаль жеңіп алды.

Азия чемпионатына Корея, Қытай, Жапония, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тайвань, Филиппин, Үндістан, Моңғолия, Кувейт, Пәкістан, Индонезия сынды 14 елден 140-тан астам спортшы қатысты.

ПАРИЖ – 2024

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА
ҚОРЖЫНЫНДА – 32 ЖОЛДАМА

Франция астанасы Парижде өтетін жазғы олимпиаданың басталуына 100 күннен аз уақыт қалды. Төртжылдықтың басты додасы алдында ел спортшыларының еншісінде 32 лицензия бар.

Жанкүйерлер тағатсыздана күткен төрт жылдықтың басты спорттық оқиғасы биыл 26 шілде мен 11 тамыз аралығында өтеді. Еуропа төріндегі додаға әлемнің 205 елінен 10 мыңнан астам спортшы қатысады деп жоспарланған. Париждегі бәсекеде 32 спорт түрінен 329 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Қазақстан ұлттық құрамасы

спорттың 20 түрінен қатысуды жоспарлап отыр.

Қазіргі таңда Қазақстан делегациясының қоржынында Париж Олимпиадасының 12 спорт түрінен 32 лицензиясы бар (бокс (ерлер) – 6, нысана көздеу – 5, садақ ату – 4, семсерлесу – 4, тас жолдағы велоспорт – 3, қазіргі бессайыс – 2, таэквондо – 2, бокс (әйелдер) – 1, грек-рим күресі – 1, еркін күрес – 1, спорттық гимнастика – 1, батуттағы гимнастика – 1, жеңіл атлетика – 1).

Ұлттық құрама спортшылары арасында Париж Олимпиадасына әзірге соңғы жолдаманы Жанна Мамажанова Роттердамдағы марафонда жеңіп алды. Жанна жарыс жолын 2 сағат, 26 минут 42 секундта бағындырып, Қазақстан рекордын тіркеді. 13-14 сәуір аралығында өткен бұл марафонға 17 мыңнан астам адам қатысты.

Айта кеткен жөн, Париже аттанатын

спортшыларымыздың киім үлгісі белгілі болды. Ұлттық құраманы жабдықтауға арналған конкурс аяқталып, комиссия мүшелерінің шешімі бойынша 3 номинацияда 2 жеңімпаз анықталды. Байқауға барлығы – 15 компания қатысқан.

«Спортшылардың талап-тілектеріне талдау жасап, соның негізінде халықаралық брендке тапсырыс бердік. Спортшылардың формасы демеушілердің есебінен тігіледі. 15 нұсқадан осы үлгі таңдап алынды. Енді тіге бастаймыз», – деді Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Ербол Мырзабосынов. Жарыс формасы спортшыларға төртжылдықтың басты аламанына 35 күн қалғанда беріледі.



PARIS 2024



СУРДО ДЗЮДО

ТҮРКІСТАННАН
ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

«Алматы» спорт клубының спортшылары сурдо дзюдодан әлем чемпионатында 5 медаль ұтып алды.

Есту қабілеті бұзылған қазақстандық спортшылар Түркістан қаласында сурдо дзюдодан өткен әлем чемпионатында бақ сынап, медальдік есепте 5 алтын, 6 күміс және 4 қола медальмен 20 мемлекет ішінде 2-ші орынды еншіледі. «Алматы» спорт клубының спортшылары 1 алтын, 2 күміс және 2 қола медаль ұтып алды. Жалпы командалық есепте әлем чемпионатында Асхат Адамбаев алтын, Нұрмұхамед Әлдибек күміс, Дина Адамбаева жекелей сында күміс және жалпы командалық есепте қола медальді қанжығаға байлады.

Айта кеткен жөн, есту қабілеті бұзылған спортшылар арасындағы дзюдодан әлем чемпионатына 25 елден 200-ден астам спортшы қатысты.

ДОДА

АЛМАТЫЛЫҚТАР ПАРИЖТЕ АТТАНАДЫ

Биыл төрт жылда бір жалауын көтеретін дүбірлі дода – Париж–2024 жазғы паралимпиада ойындары өтеді. Жарысқа әлемнің 184 елінен 4000-нан астам спортшы қатысып, 22 спорт түрінен 549 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Қазақстан ұлттық құрамасы спорттың 9 түрінен өнер көрсетуді жоспарлап отыр. Сол тоғыздың ішінде пара таэквондо спорты да бар. Қалың бұқараға Корей спорты ретінде танылған пара таэквондодан ел намысын үш спортшы қорғамақ. Атап айтсақ, K44 санатында 80 кг дейінгі салмақ дәрежесінде пара таэквондошымыз Нұрлан Домбаев, 80 кг салмақта Нышан Өмірәлі және 57 кг салмақта Камелия Досмалова өнер көрсетеді.

Кешегі Өмірәлінің әні қалықтаған Парижде жылдар өте қазақтың әні қайта шырқалуы мүмкін. Осы күндері қызу дайындықта жүрген пара таэквондошыларға хабарласып, алдағы жарыс жайлы ой-пікірлерін білдік. Пара таэквондодан 2021 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері, 2022 жылғы Азия чемпионы, Ханчжоу–2022 Азия Пара ойындарының күміс жүлдегері Камелия Досмалова әңгіме барысында жеңістен демелі екенін де жасырмады.

– Жақында Парижде паралимпиада ойындары өтеді. Токиого қарағанда қазіргі дайындығымыз әлдеқайда жақсы өтуде. Төрт жыл ішінде біздің деңгейіміз, тәжірибеміз, күресте қолданатын әдіс-тәсілдеріміз өсті. Ол кезде бізде электрондық жүйе болған жоқ. Согоан қарамастан, бұрынғы олқылықтың орнын толтырып, дайындықты күшейтіп жатырмыз. Қазіргі таңда алтын алу үшін қолдан келгенше тырысып жатырмын. Елге жүлдесіз қайтпаймын деген сенімдемін», – деп ой бөлісті Камелия Досмалова.

Осы тұста халықтың үкілеген үмітін арқалап үлкен додада бақ сынағалы жатқан тағы бір азулы спортшымыз Нұрлан Домбаев Токиода кеткені есесін қайтаруға ниетті екенін айтты. Ол – 2017, 2018, 2019 жылғы Азия чемпионы, 2017 және 2019 жылдың әлем чемпионы, 2021 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері, Ханчжоу–2022 Азия пара ойындарында қола жүлдені

қанжығасына байлаған намысты спортшы.

– Он жылдан бері пара таэквондомен айналысып келемін. Бұл спорт мені өзінің ерекше қимылдарымен баурап алды. Ең алғаш рет 2016 жылы Польшада өткен Еуропа чемпионатында жеңіске жеттім. Сол күннен кейін спорттағы мансабым басталды. Содан бері біраз жылдар өтті. Енді алда көптен күткен паралимпиада болады. Оған лицензияны дүниежүзілік рейтинг бойынша алдым. Бұған дейін Токио паралимпиадасына да қатысқан болатынмын. Бірақ өкінішке қарай біз күткендей нәтиже болмады. Ол уақыт қатал карантиннің кезі болатын. Мүмкін соның да әсері шығар, аздап әлсіздік таныттық, – деді Нұрлан Домбаев.

Пара таэквондодан Париже аттанатын үштікті Өмірәлі Нышан толықтырды. 2014 және 2017 жылдардың әлем чемпионы, 2022 және 2023 жылғы Азия чемпионаттарының жүлдегері, Ханчжоу–2022 Азия Пара ойындарының күміс жүлдегері, Токио–2020 паралимпиада ойындарының қатысушысы Нышан Елубайұлы өткен жекпе-жектерін қуана еске алды.

– Мені бұл спортқа баулыған алғашқы бапкерім Ернұр Серікбайұлы. Осы кісінің жасаған жаттығуларын, аяқпен жасаған шапшаң қимылдарын көріп, қызығушылығым оялды. Ол кезде 11-12 жаста болдым. Араға жылдар салып 2014 жылы Қазақстандағы тұңғыш Әлем чемпионы атандым. Осыдан төрт жыл бұрынғы



паралимпиадаға 18 күн бойы Алматыда тұрақтап, оқу-жаттығу жиынын өткізген болатынбыз. Содан бірден Токиого ұшып кеттік. Ол кезде дайындығымыз аз болды. Биыл енді толыққанды дайындық өтуде, наурыз айында елордаға келіп алғашқы оқу-жаттығу жиынын өткіздік.

Дегенмен, бәсекелестік жоғары. Бұл жарысқа үздіктер ғана қатысады. Сондықтан «ең мықты қарсыласым мынау» деп ешкімді айта алмаймын. Әр спортшы жеңіс туының желбірегесін қалайды. Менің де кеудемде сондай мақсат тұр», – деді ол.

«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген. Қазіргі уақытта Францияның астанасында өтетін дүбірлі додаға үздік үштігін дайындап жатқан білікті бапкер – Нұржан Есілбаев. Ол шәкірттерінің бұған дейінгі жеткен жетістіктері мен қабілеттерін мақтана айтып, ағынан жарылды.

– Үшеуі бір төбе, бөліп жармаймын.

Өздеріне жарасар күш пен қайрат бар. Бәсекелестік бар. Бірнеше жыл бұрын жіберіп алған есемізді қайтаратын кез келді, – деді ол.

Осылайша шығыстың шымыр қимылын меңгерген ұлттық құрама мүшелері паралимпиада ойындарына дайын екендерін жеткізді. Енді тек жан күйдіретін жанкүйердің қолдауын күтеді. Спортшыларымызға сәттілік тілейміз!

Айта кеткен жөн, бұған дейін қазақстандық спортшылар паралимпиада–2020 ойындарын бес медальмен аяқтаған еді. Олардың 1-еуі алтын, 3-еуі күміс, 1-еуі қола медаль. Жалпы командалық есепте қазақстандық спортшылар 51-орынға табан тіреген. Осылайша ұлттық құрама өз тарихындағы ең жақсы нәтижені көрсеткен болатын.

Бетгі әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 8 айға – 4288,96 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 8 айға – 5888,96 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 8 айға – 2688,96 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz** сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ҚЫРЫҚ СӘУІРІК, БІР МЫРЗА...»

Жаңбыры, желі, қары мен ызғары ере келетін
«Сәуір амалы» басталды

«Қызыр қамшысы» амалы аяқталды. Алғашқы найзағай ойнап, жаңбыр жауып, жер бұсанды. Мұны қазекен «Қызырдың қамшысы» ойнады» дейді. Қызырдың қамшысы ойнағаннан кейін қыс біржолата кетеді деп санаған.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғат амалдарына қарап жасалған жорамал:

- * Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.
- * Құйын көп болса, жаз аптапты, қыс аязлы болады.
- * Найзағайлы болса, жаз ыстық, қыс жайлы болады.
- * Аңызқан ыстық – қыстағы қатты аяздың белгісі.
- * Жұлдыз жарқырап тұрса, келер күн ыстық болады.
- * Бұлт желге қарай көмсе, жаңбыр жауады.

жадына тоқып өскенде, қойлардың аман қалатын еді» дегені есімде қалыпты (теледидардан сөйледі).

Сәуір жаңбырының адамға да, табиғатқа пайдасы көп. Жыланның уы, балықтың інжуі, тіпті бал арасының балы да осы жаңбыр суынан пайда болады-мыс. Сәуір жаңбыры – дертке дауа, қиыншылыққа кеңшілік, ауруға шипа су. Сулардың ішіндегі ең таза су – сәуір жаңбыры. Сәуір жаңбыры суымен ұйытылған айран өте маңызды болады (тәжірибесі жасалған). Сәуір жаңбырына малшының киім ешқашан шірмейді екен. Таздың басына шаш шығып, бала көтере алмай жүргендер перзентті болады, дем салынған сәуір жаңбырының суын ішкен ақыл-есінде кемшілігі бар адам сауығып кетеді деген хадис бар.

Бүгін григорианша (қолданыстағы күнтізбе) сәуірдің 19-ы, ай күнтізбесі бойынша, сәуірдің 9-ы. Қазақы есепке (ескіше) сүйенсек, айдың 6-шы жаңасы. Апта айдың алғашқы онкүндігі мен соңғы аптасына дәл келіп тұр. Демек, ауа райында аз да болса ауытқушылық бар дегенді білдіреді бұл. Аспан денелерінің қимыл-қозғалысына болжам жасайтын болсақ, күн ысыды, жаңбыр жауады. Жоғарыда айтқанымыздай, сәуір айына да, «Сәуір амалына» да сенім жоқ...

ПРОКУРАТУРА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ КОМИТЕТІ КӨРСЕТЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Құқықтық статистика органы мемлекеттік қызметтің 4 түрін көрсетеді:

- 1) «соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама беру»;
- 2) «прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға асистиль қою»;
- 3) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті мен оның аумақтық органдарының мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамалар және / немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру»;
- 4) «адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру».

«Соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама беру» онлайн режимде көрсетіледі, оған «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады www.egov.kz ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын, яғни порталдың мобильді нұсқасын үйден шықпай, тек электрондық-цифрлық қолтаңбасы бар, яғни «Мемлекеттік корпорация «КЕАҚ-на бармай-ақ Үкімет азаматтар үшін» немесе бір реттік SMS пароль сервисі, «EgovKzBot» арқылы Telegram мессенджері арқылы қол жеткізуге болады.

Анықтама электрондық құжат нысанында 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес ресімделеді.

Egov.kz порталында «бір өтініш» қағидаты бойынша шетелге шығу үшін асистиль қойылған қағаз түрінде соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама алуға өтініш беруге болады, дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Соттылығы туралы анықтамалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 79, 89-баптарының тәртібімен сотталғандығын өтеу ескеріле отырып беріледі. Яғни қылмыстық қудалау органымен тоқтатылған немесе соттылығы өздеріне қатысты өтелген немесе алынп тасталған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жағдаймен анықтама алады.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға асистиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, қағаз нысанда мемлекеттік корпорация арқылы 5 жұмыс күніне дейін көрсетіледі.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру бір реттік SMS пароль сервисі арқылы жүзеге асырылады. Қызмет 10 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде көрсетіледі. Оны алу үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы өтініш беру жеткілікті.

Көрсетілетін қызметті алушы не сенімхат бойынша оның өкілі жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ туыстарына ақпарат алған кезде туыстық дәрежесін растайтын тиісті құжаттары, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны қағаз түрінде болуы қажет.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлық жасағаны туралы мәліметтер беру қылмыстар: «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады азаматтарға / жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту / жұмысқа орналасу және жұмыс іздеу бөлімінде. Қызметті орындау мерзімі – 10 (он) минут, қосымша тексеру жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні.

Барлық мемлекеттік қызметтер тегін болып табылады, асистиль қоюдан басқа оны көрсеткені үшін 0,5 АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.

Б.Н.ҮСЕНБАЕВ,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеті Алматы қаласы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің бастығы.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 862 30 08 телефоны бойынша сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Тираж нөмірі – 10 260 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Естай БОЖАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Гамма-принт» ЖШС-де басылды. 050061, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 369.
Тел.: 247-98-30
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.


«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ALMATY HALF MARATHON - 2024

Дәстүрлі жүгіруден жарыс биыл жетінші рет өтеді



2024 жылғы 21 сәуірде Алматы жартылай марафоны өтеді. Almaty Half Marathon сайысына қатысушылар 21 шақырым 97,5 м, 10 шақырым және скандинавиялық жүріс бойынша 10 шақырым қашықтықты еңсеруді жоспарлап отыр.



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

8 мыңнан астам қатысушы әл-Фараби даңғылындағы Тұңғыш Президент саябағынан бастап Орталық стадионға дейін жүгіреді. Биыл жартылай марафон жетінші рет ұйымдастырылып отыр. Шара аясында зияткерлік дамуы бұзылған спортшылар арасында жүгіру бойынша әлем чемпионаты өтеді, оған 8 елдің спортшылары қатысады.

Спортшыларға 4 қашықтық ұсынылады: 21,1 км (жартылай марафон), 10 км, 10 км (скандинавиялық жүріс)



және Экиден командалық эстафетасы. Жартылай марафонға 18 жастан аскандар қатыса алады. Жарыстың қалған қашықтығына 15 жастан бастап қатысуға болады.

КЕРЕК ДЕРЕК

Айта кетейік, спорттық іс-шараның өткізілуіне байланысты 21 сәуірде сағат 00.00-ден 11.00-ге дейін жарыс өтетін жердегі жолдар ішінара жабылады.

Сөре Тұңғыш Президент саябағында таңғы 7.00-де басталады. Мұстафин көшесінен Науаи көшесіне дейінгі әл-Фараби даңғылының солтүстік жағындағы жол учаскесіндегі қозғалыс 21 сәуір, сағат 00.00-ден 11.00-ге дейін жабылады. Оңтүстік жағы ашық болады.

Әл-Фараби даңғылының

солтүстік жағымен Мұстафин көшесінен Назарбаев даңғылына дейінгі қозғалыс сағат 6.45-тен 09.10-ға дейін жабылады. Оңтүстік жағындағы қозғалысқа шектеу жоқ.

Сейфуллин даңғылының әл-Фараби даңғылынан Абай даңғылына дейінгі жол учаскесіндегі қозғалыс сағат 7.10-нан 08.30-ға дейін толығымен жабылады.

Абай даңғылының оңтүстік жағымен Саин көшесінен Байтұрсынов көшесіне дейінгі қозғалыс сағат 8.10-нан 10.40-қа дейін жабылады.

Солтүстік жағы көлік қозғалысына ашық.

Абай даңғылының оңтүстік жағымен Сейфуллин көшесінен Байтұрсынов көшесіне дейінгі қозғалыс сағат 7.20-дан 09.00-ге дейін жабылады. Солтүстік жағы көлік қозғалысына ашық.

Саин көшесінің шығыс жағымен әл-Фараби даңғылынан Абай даңғылына дейінгі қозғалыс сағат 08.00-ден 09.40-қа дейін жабылады. Батыс жағында көлік қозғалысына рұқсат.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ



«МЕНІҢ ҒАЖАП ӘЛЕМІМ!»



Шынайы махаббат хикаяларын оқу романдарға қарағанда әлдеқайда қызықты. Кәне, риясыз сезім иелері туралы мөлтек сырларды бірге оқиық.

«Біздің аулада церебральды сал ауруы бар жігіт тұрды. Ол өз аяғымен жүретін, бірақ қимыл-қозғалысы ебедейсіз еді. Шыны керек, оны көрсем қатты қорқатынмын, баламын ғой. Кезіге қалса, бұрылып кетіп, алыстау жүретінмін. Бірде, жоғары сыныптағы кезім, мектептен үйге оралсам, сол жігіт подъезде дәл өзі секілді диагнозы бар қызбен сүйісіп, амандасып жатты. Мен сол күнгі олардың бір-біріне деген тап-таза ықпалын, аялай қараған көздерін әлі күнге ұмытқаным жоқ. Олар ерлі-зайыпты екен. Күнде солай күтіп алады. Олардың көзінен шын бақытты көрдім».

«Күйеуім кейде түсінде әлдекіммен сөйлеседі. Бір күні кешке төсекте кітап оқып жатқанмын, жұбайым әлдеқашан ұйықтап кеткен. Бір кезде ол ұйқысырап, біреумен әңгімелесе бастады. «Мен оны қатты сүйемін. Менікі сияқты әйелді сендерге де тілеймін. Тек оған көздеріңді сүзіп жүрмеңдер, аямаймын!» деді. Мен жар таңдауда қателеспепін».

«Менің сүйікті адамым – хирург. Кенеттен ауруханаға жатып қалдым да, маған ота жасайтын дәрігер жігітім болып шықты. Операциядан кейін ол жағдайымды білмекке палатама келіп, керуеніңнің шетіне отырып жатып: «Сүйіктім, сенің ішектеріңе дейін сондай сүйкімді», – деді. Мен осыншалықты таза махаббатына басым айналып, сол жерде-ақ өліп кетер ме екенмін деп ойладым».

«Біз бай емеспіз. Тапқан-таянғанымыз коммуналдық төлемдерге және тамаққа жетеді. Киім туралы аса ойлай бермейміз,



себебі ақшамыз оған жетпейді. Сондықтан үнемдеуге тура келеді. Бірақ осы Жаңа жылда күйеуіме оның көптен армандап жүрген затын сыйлап, қуантқым келді. Бұйымның бағасы арзан емес, құны менің бір айлық жалақымнан да асып түседі. Сондықтан жолақы шығармау үшін жұмысқа жаяу қатынадым, тиын-тебенімнен үнемдей бастадым. Сөйтіп жүріп қажетті сумманы үш ай жинадым. Күйеуімнің жаңажылдық шыршаның түбіндегі қорапты алып жатқан кезде қолының дірілдегенін байқадым.

«Несиеге алдың ба?» деді дауысына да діріл араласып. «Жоқ, жинадым». Оның жанарынан жас тамшысы үзіліп түсті. Мен оның көзіне жас алғанын бірінші рет көріп тұрмын. Осындай сәттер үшін-ақ әрі қарай өмір сүруге, шексіз сүйе беруге болады».

«Біздің қалада жылы мезгілде, жексенбіде Мәдениет саябағында би кеші өтіп тұрады. Оған қарт аталар мен әжейлер де барады. Менің көршім – биші. Ол 78 жаста. Күйеуі

15 жыл бұрын қайтыс болған. Қызық, жақында мен сол кісіден үйлену тойына шақыру алдым. Ол өзінің 84 жастағы махаббатын би алаңында кездестіріпті. «Бұл – менің өмірімдегі ең күшті махаббат!» деді әжей. Біз бүкіл үй болып «қалыңдықты сатып алу» рәсімі үшін қызықты тапсырмаларды ойластырып жатырмыз. Мен көршім үшін өте қуаныштымын».

«Атам мен әжем 70-ке таяп қалды. Атамнан жастық шағы туралы сұрап отырғанмын. Кенет әжем кіріп келді. Сонда атам: «Міне, менің ғажап әлемім!», – деді ерекше ілтипатпен.

Атам әжеме керемет сөздер арнап отырады. Ал мен заманауи деген жігітімнен ондай сөздер естіп көрмеппін».

«Көпқабатты үйлердің ауласында итіммен серуендеп жүрген болатынмын. Бір қарт кісінің жолындағы адамдардан әлдебір әйел туралы сұрап жүргенін байқадым. Әйелдің фамилиясын, жұмыс орнын, иті туралы да біледі екен. Бірақ оған кезіккендер жауап беруге құлықсыз болды, өз жолдарымен кете барды бәрі. Сөйтсек, әйел оның алғашқы махаббаты екен. Осы үйде тұрыпты. Жігіт оған бір көргеннен ғашық болғанға ұқсайды. Қарт кісі араға ұзақ жылдар салып туған қаласына жолы түскенде, осы үйде алғашқы махаббаты әлі де тұра ма екен, соны білгісі келген екен.

Ақыр соңында 14-15 жастағы бозбалалар әйелді танитын болып шықты. Шақырып берді. Екі қарияның бір-бірімен жүздескендегі олардың көзқарасын көрсеніз ғой! Шынайы махаббат деген осындай, ол ешқандай жоғалып кетпейді».

Аударған
Нұржамал ӘЛШЕВА.